



ТҮЙТКІЛ

Еңбек ардагері, заманында партия, аудан, облыс деңгейінде басшылық қызмет атқарған ел ақсақалы Болат аға Көшімбаев жоқ жерден қолқа салған. Туған жеріне барып қайтпақ. Еліне деп айта алмас еді. Туған жер болғанымен, туған ауылы жоқ қой қазір. Ақсақалдың атқосшысы ретінде көлігіне отырғанбыз.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАПАНДАҒЫ

ЖАЛҒЫЗ ҮЙ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Қазір күйіп тұрған мәселенің бірі де, бірегейі де – білім грантының төңірегіндегі әңгіме. Жыл сайын мемлекет бөлетін жалпыға ортақ білім грантынан тысқары жергілікті әкімдік пен жоғары оқу орындарының білім гранты болады. Биыл бұл грант туралы әлі нақты ақпарат берілген жоқ. Осы мәселенің анық-қанығын білу мақсатында білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев мырзаға жолығып, көкейдегі сұрағымызды қойған едік.



Ерлан САҒАДИЕВ:

ҮЛГЕРЕМІЗ

– Жуықта үкімет отырысында биыл алғаш рет жергілікті әкімдіктердің гранты бөлінетіндігі жөнінде айтқан едіңіз.

– Ол жөнінде жергілікті әкімдіктермен ақылдасып, бір шешімге келу керек. Ол – әлі шешілмеген мәселе. Олардың өзіне қажет мамандығы, университеті бар. Солармен өздері жұмыс істейді. Бізге есеп беріп отырады. Ал біз өзіміздің ұсынысымыз бен пікірімізді айтамыз.

– Қаулы бойынша ол грант үшін құжат қабылданып қояуы керек еді ғой?

– Бұл – басталып кеткен процесс. Бір-екі аптаның ішінде нақты шешімге келеміз. Егер әкім грант беретін болса, оны мәслихатқа қарайды. Мәслихаттың отырысында барлығы талқыланып, содан соң шешім шығарылады. Бұл – мәслихатсыз шешілмейтін мәселе. Университеттердің жөні бөлек, әсіресе, жекеменшік оқу орындары бойынша олар өзі шешеді.

– Әлі ештеңе шешілмеген болса, жаңа оқу жылына үлгересіздер ме?

– Әрине, үлгереміз.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ

СЫР СҰХБАТ

Ұлағатты ұстаз аталы сөздерімен жастар бойына рух дарытып, көшелі ойларымен өрге сүйрейтін. Бойынан кісілік пен ғылымға деген ынта ұшқындаған қандастарының жолын ашып, адамгершілік қамқорлығын аямайтын.

Тұла бойынан қазақи рух, далалық кеңдік самалы есетін әдебиетшінің әрбір сөзінің тәлімдік астары, тәрбиелік мағынасы терең еді.



ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ

(Толығырақ 8-бетте)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 50,36



РUB 5,59

DOLLAR 332.70

EURO 389.99

COM 4.83

АЛТЫН (ун.) 1292,80

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Тезегінді бердім.
Енді нен қалды??



(Жалғасы 2-бетте)

3-7

МАЙҚҰДЫҚТАҒЫ
«МАЙШЕЛПЕК»

СЕНИМІНЕ СӘУЛЕ
ТҮСТІ

5

БАРДЫ
БАҒАЛАЙ
БІЛЕЙІК

6

Е.ОБАЕВ:
АБАЙДЫ ӘЛІ
ТАППАДЫМ

9

on the web
JASQAZAQ.KZ

СЕРИКТЕСТІК



БАҒЫТ АЙҚЫН

Осы аптада мемлекет басшысы Еуразия үкіметаралық кеңес мүшелерімен кездесті. Алқалы жиынға еліміздің Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев және Ресей, Армения, Қырғызстан, Беларусь үкіметтерінің басшылары Д. Медведев, К. Карапетян, С. Жиенбеков, А. Кобяков, сондай-ақ Еуразия экономикалық комиссиясы алқасының төрағасы Тигран Саркисян қатысты.

Нұрсұлтан Назарбаев Еуразия үкіметаралық кеңес мүшелерінің елордаға келгеніне қуанышты екенін жеткізіп, кездесудің Астана қаласындағы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесімен тұспа-тұс өтіп отырғанын айтты. Қазақстан Президенті «Үкімет басшыларының өз мемлекетінің ұлттық павильонына баруға, сондай-ақ Қазақстан мен өзге елдердің экспозициясын аралап көруге мүмкіндігі бар. Еуразия экономикалық одақтың үшінші жыл жұмыс істеп

жатқанын атап өткен жөн. Бұл кезең әлемдегі және одаққа мүше елдердің ұлттық экономикасындағы күрделі ахуалға байланысты болып отыр. Сонымен қатар ортақ нарық пен бірыңғай экономикалық құрылым құру басты фактор болып саналады», — делі. Елбасы экономиканың өсімі елдер арасындағы тауар айналымының артып, өзара қарым-қатынастың нығаюына тікелей байланысты екенін айтты. Мемлекет басшысы «Біз осы уақыт ішінде дұрыс бағытта ілгерілей алдық деп есептеймін. Қазір орын алып отырған бірқатар мәселеге қарамастан, Еуразия экономикалық одақты нығайтуымыз қажет», — дей келе алдымызда ел ішіндегі мәселелерді шешіп, өзара қарым-қатынасымызды одан әрі дамыта түсу міндеті тұрғанын атап өтті. Бұл жұмыста негізгі рөлді үкімет атқарады. Қазақстан Президенті кеңестің бүгінгі отырысы арқылы ұйымды әрі қарай дамытуға маңызды үлес қосылатынын атап өтіп, қатысушылардың жұмысына жеміс тіледі.

Айта кетейік, осы аптада Астанада Еуразия үкіметаралық кеңес отырысы өтті. Күн тәртібінде одақ аясындағы интеграциялық өзара әрекеттесуді кеңейту

жолын анықтау мәселесі қарастырылды. Серіктес елдер бірыңғай электроэнергетикалық нарық құрып, көліктік саясатты үйлестіруді жоспарлап отыр. Алқалы жиын барысында Еуразия экономикалық одаққа мүше елдердің ішкі және сыртқы сауда айналымы артып, экспорт көлемі 10 пайызға ұлғайғаны айтылды. Мәселен, сыртқа жөнелтілетін көлік пен құрал-жабдық 3 пайызға, ал азық-түлік пен ауыл шаруашылығы өнімдері 26 пайызға көбейген. Ал энергетикалық тауар көлемі керісінше төмендеді. Бұл бағытты әрі қарай дамыту үшін бизнесті жүргізу тәсілдерін жаңғырту қажеттігі сөз болды. Ол үшін цифрлық экономикаға баса назар аударылуы тиіс. Келер жылы осы бағыттағы бастамалар пилоттық жоба ретінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар үкімет басшылары одақтың келендік кодексіні бекіту процесінің орындалуы жайлы есеп берді. Жоспар бойынша құжат келер жылы күшіне енуі тиіс. Үкіметаралық кеңестің келесі отырысы қазан айының соңында Ереван қаласында өтеді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

26,6

млн теңге. Астанада бір зәулім үйге қойылған алтын унитардың бағасы

922

Батыс Қазақстан облысында осынша отбасы екпеден бас тартты.

159

мың теңге. Алакөл жағалауында той кортежімен жүрген жастар әкімшілік жауапкершілікке тартылды

Бәрекелді!



Болат Нүсіпов,
Қазақстанның
Германиядағы Төтенше
және өкілетті елшісі:

«Германияда қазақ диаспорасы бар. Олармен қарым-қатынасымыз өте тығыз. Біздің кез келген шарамызға

отбасыларымен бірге белсене араласамыз. Мәдени тұрғыда бірлесе жұмыс атқарамыз.

Германияда бір емес, үш қазақ мәдени орталығы бар. Ең үлкені Кельнде, екіншісі Мюнхенде, үшіншісі Берлинде орналасқан. Біздегі мәлімет бойынша, Германияда тұратын қазақтардың саны 1 мыңнан асады. 2014 жылы Берлинде қазақ мәдени-экономикалық орталығын аштық.

Сол орталықта қазақтың балалары қазақ тілін оқып жатыр. Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалім бар. Ендігі кезекте қазақ мәдени-экономикалық орталығында тек қана қазақ тілінен сабақ берумен шектелмей, экономикалық сала пәндерін де оқытуды жоспарлап отырмыз».



Роман Скляр,
инвестициялар және даму вице-министрі:

— БАҚ-та жарияланып жатқан тұрғын үй құрылысының сапасы жайлы мәлімет еліміздегі тұрғын үй нысандарының барлығының жағдайы сондай екенін білдірмейді. 2016 жылы 10,5 миллион шаршы метр пайдалануға берілді. Құрылыста көбіне отандық материал қолданылды. Ол материал арзан немесе қымбат деп айта алмаймын. Себебі барлығы салынатын тұрғын үйдің санатына байланысты. Компания бірінші санаттағы тұрғын үйді салатын болса, онда, әрине, жақсы материал қолданылады. Ал төртінші санаттағы тұрғын үйге өзіне лайықты сапалы материал қолданамыз.

— Соңғы уақытта салынып жатқан көпқабатты жаңа үйлерге қатысты сын өте көп айтылады. Оның сапасын жақсарту үшін не істеліп жатыр?



Сауалы

Аптаңыз

Жауабы

Қызықтан қызықтары

Естімеген елде көп деген осы шығар. Атырауда ауыл әкімі пара орнына қи алыпты. Оқиға былай болған.

«ҚИ-ПАРА» ДА ҚИНАЙДЫ



Атырау қаласының іргесіндегі Ақсай деген ауылдың әкімі үй салу үшін жер телімін сұраған жеке кәсіпкерден ақша орнына сиырдың қиын жеткізіп бер деген. Өйткені, әлгі азамат ауылда тыңайтқыш сататын кішкентай кәсіпкер екен. Құжатқа қол қойып беру үшін әлгі кәсіпкер әкімге 300 қап тезек жеткізіп беріпті. «Дәніккеннен құныққан жаман» деген рас-ау, кішкентай шенеунік әлгі кішкентай кәсіпкерден тағы бір құжатқа қол қою үшін 50 қап қара қи алғысы келген.

Сөйтіп, Ақсай ауылының әкімі жалпы сомасы 206 750 теңге болатын қи-парамен қолға түсті. Сот оған 6 202 500 теңге айыппұл салып, өмір бойына мемлекеттік қызметтен шеттетті.



«Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жалпыұлттық жобаға айналуы керек». Бұл туралы Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы - Ұлттық комиссияның төрағасы Әділбек Жақсыбеков Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның үшінші отырысында айтты.

Сарапшылар «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында гуманитарлық пәндер бойынша 17 оқулықтың тізімін жасалды. Бағдарламаның аясында құрылған Ұлттық аударма бюросы оларды тәржімалауға кірісті. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша республикалық деңгейдегі - 100 және өңірлік деңгейдегі 500 киелі нысан іріктеліп алынды. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша үздік

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

Алқалы жиын басталғанға дейін комиссия мүшелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару жөніндегі кеңсенің (*Жобалық кенсе*) және оның жанында жұмыс істейтін Коммуникациялық орталықтың қызметімен танысты. Жобалық кенсе «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыты бойынша күллі орталық және жергілікті атқарушы мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Жобалық кенсе өз жұмысын бастағалы бері министрліктер мен әкімдіктер ұсынған 1170 жобаны қарады. Бүгінде олар

туындының тізімі жасалды. Оған әдебиет саласындағы 216, «театр, кино және хореография» жанрындағы 48, бейнелеу өнері бойынша 182 және музыка саласындағы 200-ден астам шығарма енгізілді. Туындыларды алдын ала іріктеу қоғамдық талқылауды ескере отырып жасалады. Одан кейін тізім оның іріктеу талабына сәйкестігін көру үшін сараптамалық топқа ұсынылады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына 1500 өтінім келіп түсті. Одан әрі қарай ашық дауыс беруге ұсынылатын



жүзеге асырыла бастаған.

Ұлттық комиссия мүшелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру барысын қарады. Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері мен жұмыс тобының жетекшілері атқарылған жұмыс жөнінде есеп берді. Жалпы алғанда, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жобасы бойынша тиісті жұмыс тобы жыл соңына дейін жаңа әліпбидің нұсқасын қарауға ұсынатын болады.

аралық пулдар түзілетін болады.

Айта кетейік, Ұлттық комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру, елдің әрі қарай да дәйекті түрде мәдени-гуманитарлық дамуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған болатын.

Руслан ДОСТАЕВ



7 сөз

Ақтөбеде алты баланың әкесі қарттар үйінде тұрады

Өзекті

Сол тұстағы Қарағандыда жүрген қызылсу, Қарағандының көктемде еріп жатқан асфальты «Ортовка-нын» жанында жіп ессе, кәні?! Жергілікті билік қызылсудан жапа шеккенге қолдау, көмек көрсетуге шақырып жатқанда, ел банктерге кезекте тұрып алған несіесінің мұртын бұзбастан, «Ортовка -ны» адалдай тауып жатты. Қалада шағын несие беретін қаржылық құрылым қаптады. Банктен ала алмаған несиені жұрт осы құрылымдардан алып жатты. «Ортовка-ға» салу үшін. Бергенде миллиондап берді. Өтініш түсірген күні алған сомасын санап отырап еді.

Осынын барлығын Елена Колесникова ешқандай жарнамасыз істеді. Алайда жарнамасыз жарнаманың да болғанын жокқа шығара алмайсыз. Өйткені жарнаманы салымшылардың өзі жасады. Олар таң атпай «Ортовка-нын» алдына жиналды. Сонан әркім салған салымын, оның қайтарымын жыр кылсын. Біреу «Ортовка -дан» алған үстемесімен алдында ғана банктен алған несиеcін жапқан. Енді біреуі үстемесін алмай қосымша үстеме алу үшін «Ортовка-да» қалдырған. Енді біреуі үй-жай алып, еурожөндеуден өткізіп, кіріп алған. Осынын бәрін жасап жүрген Елена Колесникова мен оның командасы дегенге сеніңіз.

Сенбейін десеніз, жұрт айтады.

Айтпақ тұрсын, айтушылар әлгі салымшыларға тұрып жатқан баспанасын да оқтын-оқтын көрсетіп тұрған. Біреу-екеу емес. Содан да сенген. Содан да Елена Колесникова «жарылқаушыға» айналған.

«Ортовка-нын» алдындағы қарақұрым үзілмеді. Ел оған жұмысқа барғандай барды. Салымдарының барысы туралы бір-бірімен ақпарат алысты. Бірі-бірінен тек сүйінші хабар естіді. Миллиондап салым

«ФИНАНСОПТОГРУПП» (ФОГ) РЕСМИ ТҮРДЕ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ МАМЫР АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА ТІРКЕЛГЕН БОЛАТЫН. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН КӨП ЖШС-НІҢ БІРІ СЫНДЫ КӨРІНГЕН. АЛАЙДА АЙ ӨТПЕЙ ЖАТЫП, ОСЫ ФОГ-ТЫҢ АТЫ ЖЕР ЖАРСЫН. ДИРЕКТОРЫ ЕЛЕНА КОЛЕСНИКОВАНЫҢ ЕСІМІ ЕЛ АУЗЫНДА ЖҮРДІ. ОНЫҢ ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫ, КІШПЕЙІЛДІГІ, ІСКЕРЛІГІ АҢЫЗ БОЛЫП ЕСТІ. АЛДЫМЕН ТЕМІРТАУЛЫҚТАР, СОҢЫНАН МАЙҚҰДЫҚТЫҚТАР, ҚАРАҒАҢДЫЛЫҚТАР, ЕҢ СОҢЫНДА АСТАНАЛЫҚТАР... СОҢҒЫ СОҚЫР ТИЫНЫН БАЛА-ШАҒАСЫНЫҢ АУЗЫНАН ЖЫРЫП, ОСЫ ҰЙЫМНЫҢ КАССАСЫНА ӨЗ ҚОЛЫМЕН БАРЫП САЛЫП ЖАТТЫ.

олардың қарасы қоюлана түсті. Небәрі төрт ай өткенде «Ортовка-нын» қаржы айналысы 3 миллиард теңгені құраған! Бұл ел естімеген өрлеу еді. Мұндай нәтижеге аты шулы Мавроди ғана жетсе керек. Сол МММ-нің салымшылары Майқұдықтан да табылған. Олар жай жүрмей, «Ортовка-нын» да салымшысы болып алыпты.

Бәлкім, бірер жыл жүре тұрғанда «Ортовка-нын» салымшысы Мәскеуден де табылар ма еді, кім білсін...

Алайда іске күш құрылымдары қилікті. Ешкім арыз түсірмегті. Арыз түсірмесе де, тексеруді қолға алған. Міне, осы тұста салымшылар өзінің кім екенін көрсетті! Олар тексерушілердің үстінен арызды қардай боратты.

Оларды «Ортовка-нын» табалдырығынан аттатпауға күш салды. Сонда да «Алтын инвестор» акциясы үзілмеді. Бұл акция бойынша 50 мың теңге салған салымшы бір аптадан соң 7 мың теңге үстеме алушы еді.

Алды да. Соның бірі — қандасымыз Айдана Жұмағұлова. Өзін емес, Елена Анатольевнаны қорғап әлек. Шаң жуытпайды. Тағы бір қарындасымыз Роза Ысқакова да адвокат үшін қаржы

Сене алмаймыз... Мәселен, мен 500 мың теңге салып, 300 мың теңге өсім алдым. Мұны бірде-бір қаржы құрылымы істей алмайды. Соны Елена Анатольевна істей алды! Біреулер оның осы бизнесіне көз тігіп отыр. Бәлкім, күштеп ала алмаған соң осылай істеп отырған болар? Біз өз қаржымызға мықты адвокат жалдайтын боламыз» — дейді.

Ал Елена ханымның өзі жалдаған екі адвокаты оны қорғаудан бас тартты. Өйткені жалдаушы қорғау ақысын төлемеген. Кейіннен мемлекет тарапынан қорғаушы тағайындауды талап етіпті. Жалпы, қаржы пирамидасын құруға кеткен 30 томдық құжатты тексеруге адвокат 123 сағатын жұмсапты. Ал әр сағаты 1637 теңге.

Расында да, салымшы қаржы жинап терледі. Әлеуметтік желіде көшеге шығуға үгіттеді. Майқұдықтағы Октябрь аудандық прокуратураның алдын бермеді.

— Елена Колесниковаға басына еркіндік берілдер! — деп есезуреді.

Прокуратура қызметкерлерінің «Қаржылық пирамида құрған алаяқ!» — деген сөзін құлаққа ілмеді.

Бір аптадан соң Елена Колесникованы қамауға алды. Қарағанды және Астана қалаларындағы қаржылық құжатты жинады. Ал Теміртаудағы филиалынан ештеңе таппады.

Дүние-мүліктен тәркіледі дейтіндей, бәлендей ештеңе болмай шықты. Су жана «Лексус» пен бірқатар қымбат шыны-аяқ шыққан. Есепшоттағы қаржы да үш нөлге қысқарып, миллиондап қалған.

— Елена Колесникова бостандықта жүргенде есепшотта миллиардтар жатты! — деп даурықты салымшылар. Тіпті Елена Анатольевнаның баспанасы да болмаған екен. Осы күнге дейін пәтер жалдап келіпті. «Бизнесмен» деп әспеттегенімізбен негізінен сауда-саттықпен, кейін де қызмет көрсетумен айналысыпты. Сауда үйлерінде бөлімшесі болған.

Сонымен, биылғы жылдың 11 тамызы. Октябрь аудандық соты маңына барлық «алтын инвесторлары» сыймай кетті. Сот залына кіргізілген Елена ханымды біреуі көріп, біреуі көрмеді. Алайда ол салымшылардың «біз сізбен біргеміз» деген жалынды қолдауын естіді.

Естігені сол, «өзін құлды бір батыр» ретінде сезінді. Басын төмен салмай, өзін асқак ұстап, қолын көтеріп, сәлем ишарасын жасады.

— Біз Сізбен біргеміз! — деді «алтын инвесторлар». — Сіз Жанна Д'Арксіз, — деді салымшылар. Сонымен үкім шығарылды.

(Жалғасы 7-бетте)

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Туған жері — Бурабай ауданына қарасты Жанатұған ауылы. Осыдан оншақты жыл бұрын ауылдың жетпіс жылдығын тойлаған болатын. Сол жолы облыс басшыларына бар беделін салып, қирап қалған жолды жөндеумен. Ол кезде ауыл іргесі сөгілмеген, берекесі қашпаған уақыт еді. Рас, аздап жүдеген, айдай жүзіне кіреуке түскен. Бірақ үміті үзілмеген. Болашаққа деген сенімі зор болатын.

Зерендіге дейінгі жол тәубе дерлік, сайрап жатыр. Басшылардың жүретін жері ғой. Одан арыға қарға адым қадам бастайды. Қарапайым халықтың жүретін қара жолы қирап бітіпті. Жолдағы Викторовка селосын басып өткеннен кейін жол үстіндегі ойдым-ойдым қазан шұңқырларға кезікті. Түсіп көреміз, донғалақты қай жеріне салсақ екен деп. Тура өмірдің өзі тәрізді. Қазір қай жолға түссен де, жеңілін таба алмас едіңіз. Жеңіл машинаға қол емес екен. Тасжолды тастап, дала жолына түстік. Қара шаң

ЖАПАҢДАҒЫ



ЖАЛҒЫЗ ҮЙ

қолқаны қапқаны болмаса, ту талқаны шыққан тас жолдан тәуір.

— Соңғы кезде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы

мақаласынан кейін ауылға аз да болса көңіл аударыла бастады. Әркімнің есіне туған жері жаңа түскендей. Мен де, міне, кіндік қаны тамған төңіректегі қасиетті орындарды көзбен шолып, көкірегімдегі сезіммен аймалап барып қайтсам деп едім. Біздің Зеренді, Бурабайдың төңірегін байыбына барған адамға тұнып тұрған тарих қой, — дейді Болат Ахметжанұлы.

Жол үстіндегі Алаштың ардақты перзентінің бірі — әз-Бөгенбайдың мазарына соқтық. Жапан даланы күнірентіп, құран оқылды.

— Арыдағы Абылай заманының бергі тарихты түсе келсең, кейінгі ұрпақ үшін мәңгілік өнеге болатын тұлғалар аз емес, — дейді экономика ғылымдарының докторы Қасымхан Құсайынов, — соңғы уақытта қолыма қалам алып жазып жатырмын. Бекше би туралы індетіп іздедім. Апырым-ай сұрапыл соқпақ. Рас, ел жалынан өшкен, там-тұм ғана. Жоғалуға жақын, таусылуға таяу.

Күзгі даланың сәл сұрғылт тартқан бояуы шөп басына қонақтап қалыпты. Бір-біріне елбесіп-селбесіп шұбап жатқан Жыландының қос қапталы ит тұмсығы өтпейтін сынсыған орман. Жап-жасыл. Көкпенбек. Көгілдір түс ауадан. Ауаның тазалығынан. Адам көңілі де дәл осындай таза болса ғой.

Шоқалақтай мөңкіп, төрт табанына тегіс тиегін жер таппай, бөгелек тиген бестідей тулаған жеңіл машина

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qpzaq@mail.ru



3

Жанатұғанның қотанына келіп, тізгін тартты. «Қотан» деген сөз жай әншейін айтыла салған ұғым-дағы. Әйтпесе, ауыл шетінде көшкен елдің жұртындағы жалғыз қарауыл сияқты, мұржасының ұшы сорайып жалғыз үй отыр екен. Оң қапталында, сол қапталында қираған үйлердің орны. Әлдекімдер ауылдың үйін де, мал басын да, машина-трактор шеберханасын да бұзып әкеткен. Орнында үйіндісі ғана жатыр. Кісі бойы ошаған, қаптап кеткен арам шөп.

Ауылдың қақ ортасында екінші дүниежүзілік соғысында қаза болған осы ауылдың перзенттерінің әруағына бағышталып қойылған, төп-тәуір ескерткіш бар екен. Төңірегі ұқыпталып қоршалыпты. Аталар әруағына адал

ауданымен шектеседі. Зеренді ауданына қарасты Ақтас ауылы қазір жоқ. Алпыс үйлі Қызылқайнарға барсаңыз, қазір орнын сипап қаласыз. Түтін түтетіп отырған бір шаңырақ қалмаған. Осы өңірдегі ең ірі елді мекеннің бірі — Қостомарды да өтпелі кезеннің өкпек желі шамырканға соғып, талай үйдің шаңырағын шайқаған. Қара ормандай қалың 200 үйлі елді мекеннен қалғаны елуге жете ме, жетпей ме. Ынтымақ бірлігі мол Қарашіліктің жүз үйінен оншақты шаңырақ қалыпты. Заречный поселкесі түп орнымен үлере көшкен. XVII партсъезд атындағы сексен үйлі елді мекеннің сұлбасы ғана жатыр.

Ескерткіш басында тұрмыз. Болат аға қалтасына бәкісін шығарды. Кісі бойындай жұп-жуан ошағанның сабағын кеспек. Қолынан келсе, тұқымын тұздай құртпақ. Жас жігіттер жабыла күреклеп қазып, пышақпен кесіп тазалап жатыр.

Әншейін де өңменінен өтетін Болат ағаның өткір көзі сәл жасаураған тәрізді. Ошағанның ұшар басы қып-қызыл болады екен. Қасиетті жерге ретсіз өскеніне ұялған тәрізді. Бір кезде Отанды қорғап қалған сол жолда шөйіт кеткен боздақтардың әруағына бағыштап құран оқыды. Жарықтықтар мұздай қаруланған басқыншы жаудан елді қорғап қалғанда, кейінгі ұрпақтары ел-аман жұрт тынышта ауылдарынан айырылып қалғанына өкініп жатыр ма екен, кім білсін?

— Өне, анау көлді көрдің бе, бағығы тай-тай тулаған, бакасы қойдай шулаған, — делі Болат Ахметжанұлы, — өкініштен қалтыраған қолымен толқып жатқан ақ айдынды нұсқап, — қаншама қазына. Бағзы замандағы бабаларымыз «өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген. Осы жерде

құс фабрикасын ұйымдастыруға болар еді. Фабрика болса елге жұмыс болмай ма. Жұмыс болса, осы ауылдың азаматтары туған жерін тастай қашпас еді ғой.

Шынында да, жұмақ жер. Топырағы қандай. Көдімгідей әсірелеп айтқан адамға «жетек шанышқан, арба өсіп шығатын» жер. Көкмайса шөп кеуделен келеді. Ағаш бауырындағы жонышқа киздей ұйысып, тұнып тұр. Нешеме жылдан бері шалғы тимегендіктен, өлі қауы аяққа оратылып, туырылып жатыр. Нағыз жетім тоқты бір отар қой болатын берекелі жер екен.

— Ну орман да қарасуыз қалған, — дейді Болат Ахметжанұлы. — Бір кезде елдің үлкендері осы орманнан рұқсатсыз қамшыға сап та алғызбайтын. Қазір туған жердің баға жетпес байлығы «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетіп жатыр.

Төңіректің бәрі мәңгі жасыл қарағай, ақ балтыр қайың, ұшар басы зәулім көкке ұмтылған сыптыңыр терек. Ауыл тау етегіндегі ағы мол алаңға қоныстанған екен. Бір кезде ортақ қазынаның ырысын еселеуге есепсіз еңбек сіңірген қаншама адамның түтін түтеткен қара қонысы.

Тау етегінде, қалың қарағайдың ортасында Әулие бұлақ ағып жатыр. Суы шипа, мың сан дертке ем. Ертеректе

екінші дүниежүзілік соғысына боздақтар осы Әулие бұлақтың басына мінажат етіп, құтысына қасиетті суын құйып алып аттанған. Ағзасы дертке шалынған осы төңіректің адамдары қасиетті бұлақ басына келіп, дертіне дауа тапқан. Ауылға қарайтын қамқор көз, жанашыр жанар бітелгенімен, бұлақ көзі бітелмейті. Мөлт-мөлт етіп ағып жатыр. Құтты адамның көз жасы тәрізді. Жағасын жайлаған қалың ел үлере көшкенде жалпақ жонда жалғыз қалған Әулие бұлақ бауырында өскен перзенттерін жоқтап, жылап жатқан тәрізді.

Байқал БАЙӘДЛІОВ,

Ақмола облысы

салышылар көбейді.

О, құдырет, миллиондап үстеме алушылар шықты! Сенбеске болмайтын еді! Мұнда бәрі ашық жүрді. Ел өздері салып қоймай, танысын, көршісін сүйрелі. Көп ұзамай кәсіпкерлер де бой көрсеткен. Күн өткен сайын

жинауға бар.

Ол «5 қазанға дейін бәрі жақсы болды. Ешкім де бізді алдаған жоқ. Арбаған жоқ. Қаражатымызды өз еркімізбен салдық. Бізді бұл қаржылық пирамида деп сендіргілері келеді.



Зейнеткердің құлығы (хикая)

Зейнеткер: (Германия)

Неміс еліне көшіп барып, Еуромен шықтым зейнетке

Зейнеткер: (Қазақстан)

Бұл елдің де азаматы болғанмын. Зейнетақысын алуға да жол таптым.

Прокуратура:

Заң алдында бәрі тең. Екі елден зейнетақы алуға болмайды.



EXPO-2017

Осы аптада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Астана EXPO-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовты қабылдады. Кездесуде EXPO-2017 көрмесінің өту барысы жайында егжей-тегжейлі есеп берілді. Көрме нысандарын

көрменің Астана мен тұтас ел экономикасының дамуына тигізген жағымды мультипликативтік әсеріне тоқталды.

Елбасы «EXPO-ның өтуі экономиканың барлық дерлік саласына жағымды әсерін тигізді. Қонақүй мен қоғамдық тамақтандыру орындарындағы туристердің саны артты. Соның есебінен Астана бюджеті қосымша

басшысына EXPO-2017 көрмесінің нысандарын әрмен қарай пайдалануға байланысты ұсыныс айтылды. Ол бойынша, көрме аумағында «Астана» халықаралық қаржы орталығын, IT-стартап паркін орналастыру көзделген. Сондай-ақ бірқатар павильонды EXPO мұрасы есебінде сақтау қажет.

Астана EXPO-2017 көрмесі өз жұмысын бастағалы екі айдан сәл ғана асты. Күллі әлемнің назарын аударған көрменің бүгінге дейінгі жетістігі қол жеткізілді? EXPO-ны ұйымдастырушылар осы аптада көрменің бүгінге дейінгі жұмысына тоқталып, жұрт алдында есеп берді.

мың адам — турист, кәсіпкерлер мен ресми делегация өкілдері. Шетелдіктерден Ресей, Германия, Қытай азаматтары көш бастап тұр. Көрме аясында 1662 мәдени ойын-сауық, 79 іскерлік және ресми шара өткізілді.

«Қазір EXPO-2017 көрмесі жоспарлы режимде жұмысын жалғастыруда. Оқыс оқиғалар туындаған жоқ» деп түйіндеді өз сөзін Бейбіт Қарымсаков.

Компанияның халықаралық қатысушылармен жұмыс жөніндегі директоры Илья Оразбаев EXPO-2017 көрмесінің бағдарламасына тоқталды. Осы уақыт аралығында 70-ке жуық ұлттық күн, халықаралық ұйымдардың төрт іс-шарасы өтті. Алдағы күндері тағы 28 ұлттық күн өткізуге жоспарланған.

EXPO-2017 көрмесі тек ресми шаралармен шектелмейтіні мәлім. Оразбаевтың айтуынша, көрме шеңберінде үш ел өз суретшілерінің көрмесін ұйымдастырған. Оған қоса, 22 мемлекеттің павильоны футбол турнирін өткізді. Ол «EXPO-2017 ашық аспан астындағы тұрақты мәдени форумға айналды», — дейді.

Контент және ұйымдастыру департаментінің директоры Марат Омаровтың айтуынша, отандық павильондар шетелдіктерден еш қалыспайды. Тақырыптық павильондарды 152 мың адам, жаңғыртпалы энергияның үздік үлгілері қойылған «Үздік тәжірибе аумағын» 51 мыңнан астам адам, «Арт орталық» деп аталатын «Шығармашылық энергия аумағын» 114 мыңнан астам адам, ал «EXPO-Kids» балалар бағын 93 мыңнан астам бала тамашалады.

Мәдени бағдарлама да көңілден шығуда. Таяу күндері EXPO-2017 алаңында Эрос Рамазотти, әйгілі дилжей Дэвид Гетта, А-Студио тобы және басқалар өнер көрсетеді.

Тамақтану жағына келсек, екі айдың ішінде қоғамдық тамақтандыру орындарының тауар айналымы 1 млрд теңгеден асып түсті. Коммерцияландыру департаментінің директоры Дәулет Еркінбаевтың айтуынша, EXPO-дағы қоғамдық тамақтандырудың жап-жаңы мультипликативтік әсері бар. 4 мыңнан

астам жана жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ билет сату жүйесі тоқтаусыз жұмыс істеп тұр. «Біз келушілер үшін барынша қолайлы жағдай жасалдық. EXPO-ның 74 гектар аумағында билет сататын 17 нүкте орналасқан», — деді ол.

Көрмедегі қауіпсіздік мәселесі де қарастырылған. EXPO-2017 аумағындағы қауіпсіздікті күн сайын 2300 патруль қамтамасыз етеді.

Жалпы тоқсан сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, бұл халықаралық көрмені өткізуде еліміздің ұтары көп. Экономиканың барлық саласына оң әсері тиді. Әсіресе қызмет көрсету мен туризм саласының бойына қан жүгірді. Тіпті отандық авторлардың қолымен жазылды. Өзге ұлт өкілдері қанша талантты болғанымен, қазақ болмысын қайдан біледі?! Бірақ соған қарамастан, Мәскеу дегенін істеді. Содан келіп аты — қазақ, заты — жат фильмдер топырлап шығып жатты. Сексенінші, тоқсаныншы жылдары өз тілін, елін білетін аға режиссерлер өмірден өтті. Олардың орнына «асфальтта

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ, Астана қаласы

Көрме

Ұлттық музей директорының міндетін атқарушы Жәкен Таймағамбетов «Ғажайып талант иесінің тағдырлы туындысы осымен үшінші мәрте Ұлттық музей төріне қойылып отыр. Бұл шығармалар әрбір қазақ азаматын ізгі ойға жетелейді деген үміттеміз. Өмірін өнерге айналдырған Кәріпбек Күйіков секілді күрескер тұлғаның туындысы жүрек тебіренпей қоймасы анық. Тіпті барша адамзатты бейбіт өмірге, достық-татулыққа шақыраы сөзсіз. Мен өз атымнан, барша музей қонақтары атынан суретшіге алғыс айтқым келеді» — деп көрмеге қатысты өз лебізін білдірді.

Қарағандыда тұратын Кәріпбек Күйіков Қазақстандағы антиядролық ұстанымын насихаттап, бүкіл әлемге ерекше талантымен танылған тұлға. Ол Қарағанды облысындағы Семей ядролық полигонынан зардап шеккен Егіндібұлақ ауылында дүниеге келді. Сол себепті қолы жоқ боп туған. Оның сурет салуы да өзгеше. Өз туындыларын қыпшақпен тісімен тістеп, кейде аяғының башпайлары арқылы бейнелейді.

Кәріпбек Күйіковтың туындылары Америка, Жапония, Германияның жеке

Астанадағы Ұлттық музейде отандық суретші Кәріпбек Күйіковтың «Радиация» атты көрмесі ашылады. Онда қойылған туындылар ядролық қарудың зардабы жайлы. Көрме авторы Кәріпбек Күйіков — әлемдегі антиядролық қозғалыстың белсендісі, еліміздің бастамасымен құрылған халықаралық «Атом» жобасының құрметті елшісі.

халық жылы қабылдап, суретшінің еңбегі арқылы атом бомбасының зардабын түсінген. Тіпті неліктен ядролық қарудан ең бірінші болып, Қазақстанның бас тартқанын ұғынды. Қазіргі қоғам зардабы бүгінгі күнге дейін



СУРЕТШІ БЕЙБІТШІЛІККЕ ШАҚЫРАДЫ



және мемлекеттік коллекциясына қойылған. Оның көрмелері елімізде, Жапонияда, АҚШ, Германия, Түркия, Қытайда ұйымдастырылды. Ерекше дарын иесінің көркем туындыларының басты тақырыбы — ядролық қарудың адамзатқа келтірет қатерімен байланысты.

Көрменің ұйымдастырылуына мұрындық болған еліміздің сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко «Бүгінгі көрме ядролық қарудың қасіреті мен одан бас тарту және ядролық қарусыз бейбіт өмір орнату жолындағы жетістіктерге арналды. Автордың туындылары шет мемлекеттерге де таныстырылған. К.Күйіковтың шығармасын

жалғасып келе жатқан сол қасіретті білу, түсіну үшін К.Күйіковтың туындыларын қайта-қайта тамашаласа да, артық болмайды», — деді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2016 жылы ядролық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық саммитте АҚШ президенті Барак Обамамен кездескен кезінде оған К. Күйіковтың «Жарылыс» деген картинасын сыйға тартқан болатын.

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ, Астана қаласы

Оқшау ой

Совет Одағы кезінде «Қазақфильм» қабылдайтын сценарийдің 80-90 пайызы мәскеулік авторлардың қолымен жазылды. Өзге ұлт өкілдері қанша талантты болғанымен, қазақ болмысын қайдан біледі?! Бірақ соған қарамастан, Мәскеу дегенін істеді. Содан келіп аты — қазақ, заты — жат фильмдер топырлап шығып жатты. Сексенінші, тоқсаныншы жылдары өз тілін, елін білетін аға режиссерлер өмірден өтті. Олардың орнына «асфальтта

Елбасының бағдарламалық «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ең алдымен, ұлт назарын рухани салаға бұрды. Мәдениетке бұрды. Неге дейсіз зой? Өйткені дамыған ұлттық мәдениет қана — дамыған ұлттық сананы қалыптастырмақ.

туған» ұрпақ келді. «Жана толқын» қазақ күткен қазақ киносын жасай алмады. Өйткені «жана толқынның» дені ана тілін білмейтін «асфальт» балалары еді.

Кино саласындағы мұндай келеңсіздікті жөндейтін қузырет мемлекет тарапынан мәдениет және спорт министрлігіне берілген. Министрлік күресіп жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын осы салаға басшы болып келісімен А.Мұхамедиялы ашық күрескерлігімен ә дегеннен әлгіндей экранда қазақты кемсітушілерге қарсы шықты. Соңғы үш жылдың

өзінде қазақ киносында ұлттық патриоттық тақырып көбейе бастады. Колдау көре бастады. Көрермен үшін көзайым болған «Аманат», «Алмас қылыш», «Анаға апарар жол», «Құнанбай», «Оралман» фильмдері — сол күрес жемісі.

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы (Aikyn.kz)

әрі қарай пайдалану жөнінде ұсыныс айтылды. Ахметжан Есімов келушілердің нақты саны мен жұрттың павильондарға қызығушылығы жайында Елбасыға әңгімелеп берді.

қаржымен толықты. Жұмыс орындары ашылды. 196 отандық компания көрме кешенінің құрылысына атсалысты. Мұның өзі 200 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтыды. Қазір көрмеде 21 мыңдай адам қызмет

Кездесу соңында мемлекет басшысы «Астана EXPO-2017» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтың жұмысын оң бағалап, бірқатар нақты тапсырма берді.

Көрме жұмысының екі айлық

ЕКІ АЙДА - 2,5 МИЛЛИОН АДАМ

«Үш айдың ішінде көрмеге 2 миллион адам келеді деп болжанып еді. Бүгінге дейін 2,5 млн адам бас сұқты. Бастапқыда халықаралық павильондарға 5 миллионнан астам адам келуі көзделген болса, қазір бұл көрсеткіш 20 миллионға жетті. Келушілерді тандай қактырған ең көркем павильон — «Нұр Әлем» сферасы», — деді басқарма төрағасы.

Оның айтуынша, бүгінгі күнге дейін «Нұр Әлем» павильонын 831 мың турист аралаған. Ал көрме аяқталғанша бұл көрсеткіш 1 миллионға жетуі тиіс. 68 елдің ұлттық күні өткізілді. Бұдан басқа көрмеге 106 аса мәртебелі қонақ келіп кетті. Олардың ішінде 19 мемлекет басшысы, 16 премьер-министр мен орынбасарлары, 11 парламент жетекшілері мен орынбасарлары, 60 министр мен вице-министр бар. Өз павильонын дайындауға шет мемлекеттер 100 млн доллардан астам қаржы жұмсады.

Сондай-ақ туризм саласындағы көрсеткіштің едәуір көтерілгені қуантады. Мәселен, А.Есімовтың айтуынша, Астанадағы қонақүй мен хостел саны 27 пайызға көбейіп, олардың толуы 60 пайызға жетті.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық



көрсетіп жатыр», — деді.

Өз кезегінде Ахметжан Есімов көрмені дайындау мен өткізуге бөлінген қаржыдан қанша үнемделгені туралы есеп берді. Оның мәліметінше, техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес, құрылысқа жұмсалатын шығын 816 млрд теңге деп есептелген. Ал онтайландыру есебінен бұл сома 452 млрд теңгеге төмендеді.

Бұдан басқа, мемлекет

қорытындысына қатысты Астана EXPO-2017 жетекшілерінің де айтары бар. Осыған орай, болып өткен баспасөз мәслихатында компанияның басқарушы директоры Бейбіт Қарымсаков тек шілде-тамыз айында ғана келушілердің саны 1 млн 343 мың адамды құрағанын жеткізді.

Ал көрме нысандарын осы кезге дейін барлығы 15 млн 575 адам тамашалаған. Билет сату саясатына өзгеріс енгізудің нәтижесінде келушілердің саны артты. Жемісін тарифімен 564 мың зейнеткер, мектеп оқушылары мен студенттер көрмені тамашалауға мүмкіндік алды. Арзандатылған «кешкі» билетті енгізуден Астана тұрғындары мен қонақтарының ұтқаны анық. Екі айдың ішінде осы тарифті 11,5 мың адам пайдаланды.

Келушілердің басым бөлігін еліміздің түкпір-түкпірінен келгендер құрады. Олардың саны 1 млн 132 адамнан асты. 7 мыңнан астамы — бала. 273



Тура жол

Газетіміздің
№31 санында
(4 тамыз,
2017 жыл)
шыққан

«Өткен күннің өкініші» деп аталатын мақалада діни сенімі бұзылған, тура жолдан адасқандар жайында жазғанбыз. «Шаңырақ» діни алдын алу, кеңес беру орталығы» сеніміне селкеу түскен жандармен жұмыс істейді. Біз ол жолы орталықтың қыз-келіншектермен жұмыс істейтін «Иманигул» әйелдер бөлімінде болып, тура жолдан тайған нәзік жандылардың өмірінен арнайы мақала жазған едік. Бұл жолы осы орталықтың ер-азаматтарымен жұмыс істейтін бөліміне соқтық.

Орталық қаланың иір-киыр көшелерінің бірінде орналасыпты. Алматының көлік кептелісінде қалып, әрең таптық. Есіктен бас сұққанымыз сол, дәлізден арнайы форма киінген тәртіп сақшылары мен шолақ балақ шалбар киген, сақалды, жап-жас жігіттер қарсы алды. Қателесіп кірдік

— Кімді тыңдап жүрсің?
— Діلمұратты.
— Діلمұраттың кім екенін білесің бе?
— Ол білімді. Алла жолындағы азамат.
— Жоқ, ол — адастырушы. Сәләф бағытын ұстанады. Сауд Арабиясында тұрады. Интернет арқылы теріс уағыз айтып, жастарды тура жолдан тайдырып жүрген жан.
— Сіз оған тіл тигізбеңіз!
— Тіл тигізіп отырған жоқпын. Шындықты айттым. Ғаламторда Діلمұраттың 17 мың уағызы бар. Бір қарағанда, дін ғұламасындай көрінуі мүмкін. Бірақ ақидасы дұрыс емес. Біздің көптеген жастарымызды осы Діلمұрат адастыруда.
Бұл — Алматыдағы «Шаңырақ» діни алдын алу, кеңес беру орталығындағы» дін маманы Мәрхат Мадияров пен сәләф бағытын ұстанған жас жігіт Еркөбұланнның арасындағы әңгіме.

— Қай мәзһабтансың? — деп келесі сұрағын қойды.

— Төрт мәзһаб бар. Төртеуі де дұрыс жол. Бірақ өз басым ешқайсысында жоқпын.

Диалог осылай жалғаса берді. Әңгіме арасында дәлізге шығып келдім. Тәртіп

Соның жөнін сұрадық.
— Мына тақтада жазылған азаматтар «адастырушылар» деп есептеледі.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы тарапынан арнайы шешім шыққан жоқ.

Бірақ олардың сенімінде біздің мәзһабқа, біздің бағытқа қайшы дүниелер бар. Сондықтан адастырушы саналып отыр. Бізге келетін жігіттердің көбі Діلمұратты тыңдағандар. Оның

іліміндегі қателікті теологтар мен діни басқарманың мамандары әлдеқашан дәлелдеген. Бірақ әлі де соның уағзына уланып жатыр — деп жеңіл күрсінді.

— Тура жолға түсетіндер көп пе, әлде өз сенімін дұрыс деп түсінетіндер көп пе?

емеспін. (*Мәзһабын айтқаны руын, жерін немесе дұрылын айтқандай естілді құлаққа*).

Бірлік беті ары кетіп қалған жігіт болып шықты. Сөзді тыңдамай, өзін кісінің алдында ұстауы дөрекі. Мерхат оған да дәстүрлі сұрағын қойды. Жауабы шорқақ. Білімі таз. Әңгімені жарып алды. Бірақ Діلمұрат туралы жағымсыздау әңгіме басталып еді, шыр ете қалмасы бар ма!

— Мен 2009 жылдан бері намазханмын. Діلمұраттың уағзын тыңдап, осы жолға түстім. Ол кісі туралы ғайбат айтпаныз — деп көзі шегірейіп кетті.

— Сенің қорғаштап отырған аламың — сәләф. Оның ғаламторда 17 мың уағзы бар. Ал Дарында - 15 мың уағыз. Адастушылардың көбі мешітке бармайды. Қазір ғаламтор, технология дамыған. Бәрі ұялы телефоннан, компьютерден солардың уағзын тыңдап алып, теріс жолға түсіп жатады. Сіз де имамдардың уағзын тыңдамағаныңыз! — деді.

Бірлік әлі қырсығып отыр. Тез қайтатын кісі емес екен. Мерхат оған бір «флешка» берді. «Мұнда сіздің қайдан қателесіп жүргеніңіз жазылған. Діلمұраттың уағзындағы кемшілікті бірден байқайсың» — деп Сансызбай Шорқанов, Жасұлан Жүсіпбеков сияқты Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы бекіткен дін мамандарының уағзы жазылған «флешканы» сыйға тартты. Тегін берілген затты алғысы келмеді ме, әлде тыңдағысы жоқ па, әйтеуір әлгі «флешканы» қолына ұстамай біраз отырды. Бірақ кетерінде сәл жібігендей сынай танытты. «Жарайды, айтқаныңызды істеймін. Берген флешканызды тыңдаймын. Бірақ менің өз сенімім өзіме ғана тән. Оған ешкім араласа алмайды» — деп орнынан тез көтерілді.

Мерхат Бірліктің берген жауабына қанағаттанған жоқ. Тест сұрағының екі жеріне минус белгі қойды да, папканы жапты...

Тәкпіршілер де тура жолға түскен

Үшінші кейіпкер әкелі-балалы тәжік ұлтының өкілдері болып шықты. Алдымен баласына сұрақ қойып:

— Алла қайда? — деп сұрады тағы да.

Дәстүрлі сұрақ екен бұл.

— Аспанда. Бірақ оның не жейтінін, қалай ұйықтайтынын білмеймін. Ұстазымнан сұрағам жоқ — деп айды аспанға бір-ақ шығарды әлгі бозбала. Мерхат ашуланып кетті. «Кім ол саған Алланы сипаттап беріп жүрген? Алла 18 мың ғаламды жаратқан, шексіз күдіретті. Оны сипаттауға, ол туралы мұндай сөз айтуға болмайды. Сен нағыз уаһаб екенсін» — деп келесі сұрағына көшті.

Бала өтірік ақымақ болып көрінгісі

келді ме, әлде шынымен, білмей ме, тест сұрақтарындағы «мәзһаб», «шерік қосу» деген сияқты қарапайым сауалдардың өзінен сүрініп жатты. «Сұрақ қарапайым болғанымен, соның өзі адамның діни сенімін, бағытын бірден аңғартуға жетіп жатыр» — деп түсіндірді. Әкелі-балалы Мүминөверге түрлі сауал қойылды.

Жауабы Мадияровтың көңілінен шықпады.

Мерхат Мадияров түрмеге барып, темір тордың арғы жағындағы адастушылардың біразымен сұхбаттасып, бетін бері қайтарыпты. «14 тәкпіршінің 13-ін тура жолға салдым. Бір жас бала екі күн қырсығып отырып алып еді. Үшінші күні жанды жеріне тидім. Өзінің имандай сеніп жүрген ұстазының қателігін бетіне басып едім, морт сынды» — деп әкелі-балалы адастушыларды шығарып салған соң қасыма келіп, бел жазды.

Біздің бір байқағанымыз, бұл орталықта жұмыс істеп жүрген қыз-жігіттердің ішінде басқа ағымда болғандар да бар екен. Тура жолға түсіп, өздерінің қателескенін білген соң, осында жұмыс істей бастапты. Өздері сияқты сенімі бұзылған азаматтарға көмектесуді міндет санаған көрінеді. Бізге Тимур, Еркін, Қасым деген үш жігітті таныстырды. Үшеуі де басқа ағымда болған. Қазір Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде діни білім алып жүр. Үшеуі де студент.

Тимурмен тілдестік. Ақтөбенің тумасы мектеп бітірген жылы басқа ағымның жетегінде кетіпті. Алматыға келіп, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетіне оқуға түскен. Бірақ ислам туралы түсінігі басқаларға ұқсамаған соң, осы орталыққа ат басын бұрып, мамандармен тілдесіп, уағыз тыңдап, тура жолға түскен. Тимур «Жас болған соң, көп дүниеге көзіміз жетпеді. Анау дұрыс десе, соған. Мынау дұрыс десе, мынаған еліктедік. Сәләф болып жүргенімді білген жоқпын. Бірақ діни сауатым басқалардан бөлек болды. Осы орталыққа келіп жүріп, тура жолды таптым. Қазір осында жұмыс істеп жүрмін. Өзім сияқты адасқандарға жол сілтегім келеді» — деді.

Жарас ШӨКЕ,

Алматы

КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құрық

Жуырда Орал қалалық соты «Шейх Халилдің» ісі бойынша сот ісін бастады. «Жас қазақ» газеті «Шейх Халил» туралы жазған. Сонымен «Шейх Халил» не үшін сотталуда? Ресми мәліметтерге сүйенсек, Әбдужаппаровтың соңғы 9 жылда ИШИМ-нің террористік ұйымдарымен байланыста болғанын Сауд Арабиясының арнайы қызметі ұдайы назарда ұстап келіпті. Оған Қылмыстық Кодекстің 164-бабы бойынша «Діни өшпенділікті қоздырғаны үшін» деген айып тағылып отыр. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметі бойынша, Әбдухалил 2003-2007 жылдары өліміздің батыс аймағында ислам дінінің радикалды, терроризм мен экстремизмге үгіттейтін «тәкпірлік» идеологиясын таратқан.

Құзырлы мекемелердің берген мәліметі жаға ұстаады. «2007-2016 жылдар арасындағы Әбдужаппаровтың ықпалымен Ислам дінінің радикалды «тәкпірлік» идеологиясын ұстануға көшкен көптеген діндарлар, соның ішінде М.Мақұлбек (*діни лақап есімі — «Әбдулазиз», «Ат-Тахуа» мейітінің имамы*), К.Мұхамбетқалиев (*діни*

қорғау мекемелері былай дейді: «2002-2006 жылдары Әбдужаппаров батыс өңіріндегі мешіттерде араб тілімен діни білімі бар маманның аз екендігі туралы мәлімет алып, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының дінге жана бет бұра бастаған, бірақ ислам дінінен хабары аз жастарына исламдағы фундаменталистік «тәкпірлік»

«ШЕЙХ ХАЛИЛДІҢ» СОТЫ – 2

лақап есімі — «Шейх Қайрат»), М.Испаев, Е.Ахатовтың лаңкестік топ мүшелері бар. 2011 жылы Атырау қаласында лаңкестік қылмысы үшін сотталған 47 жақтаушысы және тағы басқа тұлғалар намаз оқымайтындарды және құқық қорғау органдары мен билік өкілдерін «өспірге» жатқызып, оларға «тәкпір» жариялап, күпірлікке қарсы қарулы «жиһал» жасау идеясын қолдап, діни өшпенділікпен бірқатар экстремистік және

идеологияны таратқан. Сол арқылы олардың дәстүрлі ислам дініне деген көзқарасын экстремистік бағытқа бұруды көздеген. Жастарды дәстүрлі исламнан алшақатып, мешіт имамына бағынбауға, өзімен келіспегендерді «мурджит» (*адасқандар*) деп айыптауға шақырған. Содан бастап мешітке келушілер екіге бөлініп, діни алауыздық және бірін-бірі жеккөрушілік сипаттағы араздық орын алады.



террористік қылмыс жасағаны үшін әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айырылған».

Сондай-ақ Әбдужаппаровтың ықпалына түскен бірнеше азамат Таяу Шығыстағы қарулы қатығысқа қатысу үшін елден қашып және өзімен бірге әйел, бала-шағасын әкеліп, елде қалған ата-анасына қайғы жұтқызып отыр. Кейбірі қарулы қатығыста өлім құшқан. Дәурен Алдоңғаров, Ержан Көпбөлісов, Бейбіт Рысқалиевтерге лаңкестік іс-әрекеті үшін халықаралық іздеу жарияланған. «Бұл азаматтар 2004-2006 жылдары Ә.Әбдужаппаровпен жақын араласқан, оның уағзына қатысып, ықпалына түскен

Дәл осындай жағдай, 2004-2005 жылдары Әбдужаппаровтың Ақтөбе қаласына бір-екі рет келіп кетеді. Сол уақыттан бастап ақтөбелік мұсылмандар арасында алауыздық орын ала бастаған. Батыс өңірінде оған «тәкпірлік» идеологиясын таратуға тосқауыл қойылғанын түсінген Әбдужаппаров өзінің сол жердегі жақтастарынан ізбасарын дайындап, идеологиясының кенінен нәсихатталуы үшін аудиозажа таратады. Онда уағыздары жазылған. Нәтижесінде, оның экстремистік бағыттағы аудио лекциясы 2007-2011 жылдары ғаламтор арқылы көпшілікке кенінен таралып кеткен».



ізбасарлары» делінеді ресми мәлімдемеде.


Әбдужаппаров 1993-1999 жылдары Пәкістанның Исламабад қаласындағы «Халықаралық ислам университетінде» терең білім алған. Оның «тәкпірлік» ағымға түсуі де осы жылдары басталған делінеді. Ол тіпті 1994 жылы Ауғанстанға екі рет заңсыз өтіп, сол елде «мұджахидтерді» (*содырларды*) дайындайтын, яғни лаңкестік іс-қылмысты, оның әдіс-тәсілін үйрететін арнайы лагерьде жаттығудан өтіпті.

«Халилдің» соты неге Оралда өтті?

Иә, бұл заңды сұрақ. Құқық

Ұлдай ҚАБОШҚЫЗЫ,

Орал қаласы



СЕНІМІНЕ СӘУЛЕ ТҮСТІ

пе деп, есіктің сыртына қайта үңілеміз. «Шаңырақ» діни алдын алу, кеңес беру орталығы» деп үлкен әріппен жазылып тұр. Хатшы қыздан орталық қызметкері Мерхат Мадияровты сұрап жатырмыз. Жолымыз болған екен, ол сәләф ағымына түсіп кеткен жігіттерге кеңес беріп, оларды тура жолға қайтарумен айналысып жатыпты. Кеңсе мектеп сыныбы сияқты: қара такта ілінген, үстел-орындақ қойылған.

Тәртіп сақшылары мұнда бес-алты жігітті алып келген екен. Арнайы рейд жүргізгісі. Рейд кезінде күдік тудырған жігіттерді осында әкеліп, орталық қызметкерлерімен әңгімелестіріп, есепке алады. Біз сондай орайлы күнге дөп келіптіз.

Мерхатпен жұмыс үстінде жүздестік. Мамандығы тарихшы болғанымен, қазір діни сауаттандыру саласында қызмет етеді. Еркебұлан деген жас жігітпен сұхбаттасып отыр екен, әңгімесін бұзбадым. Төрге өтіп, үнсіз жайғастым.

— Құдайдың мекен-жайы бар ма? — деп сұрады Мерхат жас жігіттен.

— Бар, ол аспанда — деп қойып қалды.

— Алланы сипаттауға бола ма?

— Болмайды. Бірақ жүзі нұрлы, дидары жарқын деп естігем.

М.Мадияров үндемей, алдындағы қалың қағазға қарап, бірдеме шимайлап отыр.

— Мұныыз не? — деп қадалды жас жігіт қолындағы көліктің кілтін шыр айналдырып. Адамның көзіне тура қарағанда, жанарындағы бір суық ызғар кісінің өңменінен өтіп кетеді.

— Бұл тест сұрақтары. Сенің діни біліміңді, сенімдіңді анықтаймын — деп қалың қағазын қопарып жатыр Мерхат.

сақшылары тағы бірнеше жігітті әкеліпті. Орталықтың қызметкері Гүлнәз оларды есепке алып, суретке түсіріп, құжаттының көшірмесін арнайы папкаға тігіп жатыр.

— Мұны не қыласыздар? — дедім, жұмыстың мән-жайын білгім келіп.

— Қалалық әкімдікке өткіземіз.

Біздің де, әкімдіктің де есебінде тұрады. Мерхат аға қазір сұрағына жауап алып болған соң, бұл жігіттердің «диагнозын» шығарады — деп күлді қара қыз.

— Күніне қанша жігіттің «диагнозын» шығарып жүрсіздер? — дедім мен де күліп. Гүлнәз қалың қағаздан бас алмаған күйі:

— Бұрын күніне бір-екі адам ғана келетін. Қазір өте көп. 10-15 адам келеді. Мамандарымыз олармен сұхбаттасуға әрең үлгеріп жатады, — деп жұмыс барысын түсіндірді.

Адастырушылардың тізімі

Орталықта қара тактаны көзіміз шалып қалды. Еркебұланға тактада жазылған бес-алты адамның атын көрсетіп, қайсысын танитынын сұрады. Ол Діلمұратты жақсы білетінін айтты. «Уағзын ғаламтор арқылы тыңдап, намаз оқыдым» — деді. Әлгі бес-алты адамның тізімінің ішінен «Дарын», «Ринат», «Діلمұрат», «Октам», «Назратулла», «Әбу Мәриам» деген есімдер көзімізге шалынды. Мерхат Еркебұланға айтқан бір сөзінде «Діلمұрат — адастырушы. Оның жолымен жүрген екенсің, сен де адастушысың» — деп еді.



Мерхат Мадияров

қателігін талдаған мамандардың пікірі бар. Соны тыңдаған соң, екінші рет өздері іздеп келеді бізді. Үшінші, төртінші рет өкінішпен оралады бізге.

— Ал мүлде қайтпайтындар бола ма?

— Болады. Оларды құзырлы орындарға тапсырамыз. Бірақ ондайлар аз.

Сәләфтың сауалы

Мерхат мырзамен екеуара әңгімеміз ұзаққа созылмады. Біздің отырысымызды бөліп, екінші кейіпкер кіріп келді. Жігіт ағасы жасына таяп қалған, арық, көк көз кісі екен. Аман-сәлемнен соң, Мерхат «Қай өңірдің тумасысың?» — деп бастады.

— Қызылордада туып-өстім. Құрылысшы болып істеймін. Полицейлер адамды ерігіп жүр деп ойлайды-ау деймін, жұмыс істеп жатқан жерімнен алып кетті. Бала-шаға асырап отырған адамбыз — деп әлгі жігіт ашуланғандай мінез танытты.

— Сенде бар жұмыс бізде де бар. Бала-шаға менде де бар. Құдайға шүкір! Бірақ сабырлық танытып, 20 минут уақыт бөлініз. Атыңыз кім? Қай мәзһабтансың? — деп орталықтың қызметкері де дауысын қатайта бұйрық бере сөйледі.

— Атым — Бірлік. Ешқандай мәзһабтан





ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Мәселе

— Бес қойдың бетіне карап отырмыз, — деген Көкшетау қаласының Зерендіге шығар бағытындағы Жамбыл көшесінің ең шетінен қоныс тепкен Бауыржан жездем, — жолдың арғы бетінде тоқымай бос жер қалмапты. Бәрін әлдекімдер бөліп алған. Орманды алқапты да, иен жатқан даланы да.

Алғашқыда елен етпегенбіз. «Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ» дегендей, өзімізде тігерге тұяқ болмаған соң, ауылдан көшіп келген ағайынның қымбатшылық қос бүйірінен қысып тұрған қалада бірер тұяқ ұсақ малын демеу көріп, айырылғысы келмеген жан ашуы жанымызға батпағандықтан. Кейін арада біраз уақыт өткен соң демалыс күні жидек теруге бардық. Қаладан қозы өрісіндей ғана жер болса да, жарықтық жидек қып-қызыл болып тұнып тұр екен. Енді тере бергенбіз, алқынып біреу жетті. Күзетші екен. Жидек теруге болмайды деді. Бұл жер жекеменшікке берілген.

— Өздерің теріп аласындар ма? — деп сұрадық біз, — енді бірер күннен кейін ыстықтан ағып кетеді ғой. Тәңірдің берген сыйы босқа рәсуа болады. — Жоқ, біз термейміз. Ақса аға берсін, — деді күзетші.

— Қарағым-ау, бұл жалғыз сенің ғана емес, барша қала тұрғындарының игілігі емес пе? — Солайы солай ғой, бірақ бұл жерде жекеменшік болған соң таза ауа жұтсаң да, тиын төлеуге тура келеді. Жекеменшік дегенді ұғасыз ба, жоқ па? — деп ежірейді күзетші.



Бас орманшысы
Болат СУЛТАНОВ

әрқилы аурудан сақтап, жұмыс істеп жатқандар да аз емес. Олардың қатарынан «Жәнібеков Нұрлан Қанатович», «Назымбек Азамат», «Қажыбаев Д.Б.», «Сап-Дан», «Мұстафина» тәрізді жеке кәсіпкерлер мен «Экстремальный стиль», «Яссауи XXI» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері тәрізді ұзын-ырғасы 19 жер иеленушілерді айта кетуге болады. Ал жерді алуын алғанымен, ізім-қайым жоқ болып кеткендер де аз емес. Мәселен, «Шансеев Н.К.», «Ныгметжан А.Б.» тәрізді жеке кәсіпкерлер мен «Арал05» тәрізді жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің басшылары келісімшартта көрсетілген талапты дұрыс орындамай жүр. — Жерді алғанымен, әуелі бастағы келісілген істі атқаруға мойындары



келді. Ондай рұқсат орманды 49 жылға жалға алғандарда. Осы арада бір түсініксіз, орман шаруашылығы өзіне тиесілі алқаптағы орманды күтіп-баптап, заңсыз кесуден, ретсіз отаудан, айтып келмейтін апаттан, от пен судан қорғайды екен де, игілігін жалға алушы көреді. Егер орман шаруашылығының өзі сатса, сол қаражатына материалдық-техникалық базасын нығайтып алар еді ғой.

Орман байлығы тілмен айтып жеткізгісіз қордалы қазына. Бауырындағы жеміс-жидегі былай тұрсын, адамзаттың ағзасына аса қажетті дәрумен емдік шөптер де тұнып тұр емес пе? Егер соның қадіріне жетпейтін болсақ, келер ұрпаққа шаңы борап жатқан қара топырақтан басқа не қалады. Әттен соны әлі күнге дейін ұға алмай отырғандар да бар. Орманды аралап жүргенде естідік,

БАРДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК



— Біздің енді табиғатқа ешбір зиянымыз жоқ, орман ішінде от жақпаймыз, тамақ пісірмейміз, ағаш кеспейміз, жай серуендеп жүруге де болмай ма? — Жоқ, болмайды.

Ауа саудагерінің ауа жайылған әңгімесінен кейін қала ішіндегі «Бұқпа» орман шаруашылығының бас орманшысы Болат Сұлтановқа жолыққанбыз. Бас орманшының айтуына қарағанда, қаһарлы күзетшінің талабының жартысы шындыққа жатқанымен, жартысы талаптын ау-жайын толық білмегендіктен. Мәселен, таратып айтатын болсақ, орман ішінде жүруге болғанымен, қожайынның қала тұрғындарының табиғат аясында дем алуына жасап қойған жайларын пайдаланғаныңыз үшін, кесімді бағасын төлеуіңізге тура келеді. Бір өкініштісі, ұзақ мерзімді жалға алған кәсіпкерлердің барлығы бірдей келісімшартта көрсетілген талапты орындай бермейді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып, орманды өрттен, заңсыз кесуден,

жар бермей жүрген, былайша айтқанда, текке иеленіп отырған он шақты жалгер бар. Олардың кейбіреуімен хабарлассаң, шетелде жүргенін айтады. Сондықтан, қолданылып жүрген заңға сәйкес, бұл жерлер кейін мемлекеттік қорға қайтарылатын болады, — дейді бас орманшы.

Айтуына қарағанда, әуел бастағы ниет — тұзу, мақсат — айқын. Жер жалға берілгенімен, орман иесіз, қадағалаусыз қалмайды. Көктемгі, күзгі маусымдарда алқаптағы барлық ағаш тексеріліп, «кесілгені бар ма, жоқ па, ауырған ба, сау ма» деген тәрізді зерттеу жұмысы жүргізіледі. Мемлекеттік қордағы жерді жалға берудегі ең басты мақсат — шағын және орта бизнесті дамыту екен. Екінші бір себеп, орманшылардың мойнындағы жүктің көптігі. Өткен жылдары тұрмыстық қалдықтан ат көпір болып тастауын жататын орман іші төп-тәуір тазаланып қалыпты. Тіпті көлденең жатқан басы артық бір бұрау жоқ.

алқабындағы ағаштардың ауруға шалдыққанын орман шаруашылығына хабарлауға міндетті. Сонымен бірге демалушыларға қолайлы жағдай туғызу үшін арнайы от жағатын, тамақ пісіретін орындарды дайындап қойыпты. Қауіпсіздік шаралары да сақталған.

Орманшылармен бірге айналма жолдың сыртындағы «Алтын орман» демалыс орнында болдық. Өне бір жерде бір топ демалушы өзімен-өзі мәре-сәре болып доп ойнап жатыр. Ақ желегі желкілдеген қалыңдық та осында. Балапан қайындай солқылдаған қүйеу жігіт те мәз-мейрам. Демалыс орнына мүмкіндігінің шектеулі болғандықтан ба, әлде келуші аздықтан ба, әйтеуір күні бұрын ас қамдамайды екен. Есесіне, өзімен бірге ала келген ас-суынан сәукелесін төгілдірген жас сұлудай жас қайынның жапырақтарының көленкесінде, кеудені салқын самалға айналатып отырып, таза жерде дәм татуға әбден мүмкіндігі бар. Моншаны да салып тастаған, іргесінде қонақүй. Жоғарыда айтқан бас орманшының «халыққа жұмыс болады ғой» — деген уәжінің шындығын осы жерден көруге болады.

Өздерінде көшет өсіретін питомнигі болмаса да, «Бұқпа» орман шаруашылығы орман қорын молайту бағытында төп-тәуір жұмыс атқаруда. Біз болған күні 90 гектар алқапқа егілген көшетті күтіп-баптау үстінде екен. Алдағы уақытта қауметі жетіп жатса, өздеріне де көшет питомнигін қолына алмақ. Ол үшін, әрине, қаржы керек. Қаржы демекші, орман шаруашылығының осы күнге дейін, тіпті санитарлық бағытта ағаш кесуге құқығы жоқ болып

екі күн бұрын тұрмыстық қалдықтарды қотарып жатқан «КамАЗ» көлігі қолға түскен. Белгіленген тәртіп бойынша хаттама толтырылып, айыппұл салыныпты. Бірақ жалғыз айыппұлмен алысқа бармасын тағы да белгілі. Табиғатқа тағылық көрсететіндер аз емес. Мәселен, Көкшетаудан Красный яр селосына шығатын бағыттағы тасжолдың сол жақ қапталында қоныстанған тұрғын үй иесері заңсыз тұрмыс қалдықтарын төгетін орындарды қаптаатып жіберген. Орманшылар, тіпті үй-үйді аралап, ескерту жасап, түсінік жұмысын жүргізгенімен, нәтиже шығар емес. Бұл ретсіз жай жергілікті биліктің де құлағына тиген. Тұрмыстық қалдық үй орнындай аумақты алып жатқанымен, зияны үйдей. Желді күні бар қалдық желмен ұшып, орман ішіне шашылмақ. Оны жинап алу қаншама мехнат.

Сөз басы мемлекеттік қордағы орман алқабының аумағын сауықтыру және сақтау мақсатында арнайы келісімшартпен ұзақ мерзімді жалға беру туралы сабақталған болатын. Бұл орайда, біз тілдескен адамдардың пікірі таразы басын тең тартып тұр. Тұяқты малын жая алмай отырған қала тұрғындарының өкпесі қара қазандай. Жана ашылған жұмыс орнынан жалақысын алып, жан бағып отырғандар дән разы. Қалай болған күнде де, орманға ие табылып, бұрау басы сынбай сақталып қалса, сол олжа.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

ЭКСПО-2017

Қытай елшілігінің Қазақстан ісіндегі уақытша сенімді өкілі Лю Жангпин «Қазақстандық достарымыз Хайнань провинциясына жиі келеді. Біз, әсіресе, қазақстандық туристерді асыға күтеміз. Себебі Қызылорда облысы мен Хайнань провинциясының арасында ерекше байланыс орнаған. Сондай-ақ Хайнань мен Ақтау қаласы арасында да байланыс орнатпақпыз. Сондықтан біз екі ел арасындағы қарым-қатынас қақпасын аштық деп білеміз», — деп екі

Астанадағы EXPO қалашығындағы Қытай павильонында Хайнань провинциясы күніне арналған іс-шара өтті. Мерекелік шараға Хайнань провинциясының делегациясы, Қытай павильонының басшылары, өнерпаздар, кәсіпкерлер мен еліміздің өкілдері қатысты.

қарым-қатынастың даму болашағы жарқын екендігіне сенемін», — деді. Еліміздің мәдениеті және спорт министрлігі, туризм индустриясы комитетінің төрайымы Майнұр Мырзамәдиева «Биылғы жылды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай төрағасы Си Зинпин «Қытайдың Қазақстандағы Туризм жылы» деп атағанын білесіздер. Сондықтан осы жылы елімізде көптеген ірі іс-шара, яғни форум, конференция,

Іргі іс

Оның басты мақсаты — халықты өнімді жұмыспен қамтып, азаматтарды жаппай кәсіпкерлікке тарту. Сондай-ақ жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтулы ұйымдастырып, жұмыссыздықты қысқарту арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында, Алматы қалалық жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздарға мемлекеттік қолдауда жеңілдік ұсынады.

Бұған қоса, әлеуметтік жұмыс орындарына уақытша орналастыру мен жалақының жартысын субсидиялау жеңілдігі келесі азаматтарға беріледі. Олар — балалар үйіндегі тәрбиеленушілер. Зейнеткерлік жасқа жеткен қариялар. Түрмеден шыққандар мен көпбалалы немесе жалғызбалды аналарға, ораман мен мүмкіндігі шектеулі жандарға жеңілдік беріледі. Әлеуметтік жұмыс

Елбасының тапсырмасы бойынша «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасының жалғасы ретінде биыл «Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік» бағдарламасы өз жұмысын бастады.



орындарында жұмыспен қамтылғандардың айлық жалақысы субсидияланады. Дәлірек айтар болсақ, белгіленген жалақының 35% бөлінеді.

ТЕҢІЗДЕН ЕСКЕН ЛЕП



туристік турлар өткізілмекші», — дей келе, екі ел арасындағы қарым-қатынас, туристік байланыс туралы айтты. Сондай-ақ екі ел арасындағы виза беру тәртібі жөнінде сөз етіп, алдағы уақытта екі елдің байланысын жандандыра түсуге шақырды.

Шара барысында екі ел арасындағы туристік, бизнестік байланысты дамытуға бағытталған келісімдерге қол қойылды. Шараға қатысушылар Қытай өнерпаздарының өнері мен көрмесін тамашалап, асханасынан дәм татты.

ел арасындағы байланыстың дамып келе жатқанына тоқталды. Сондай-ақ Хайнань провинциясына Қазақстан Президенті де бірнеше рет келгенін айта келе, «Хайнань провинциясының күні — Қытай мен Қазақстан арасындағы байланысты өрі достығымызды бекіте түседі. Үлкен үлес қосады деп білемін. Екі ел арасындағы

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК



Был 70-тен аса қатысушы жұмыс беруші ұйымдарға өтініш қалдырған. Бір жыл ішінде жұмыссыздар жолдама арқылы барған мекемелде тәжірибеден өтіп, кейін тұрақты түрде жұмысқа орналасып жатады. Ал қоғамдық жұмысқа уақытша түру алдын ала кәсіби дайындықты қажет етпейді. Онда жұмыс іздеушіге тұрғын-үй

коммуналдық шаруашылық аумағын тазалау, құрылыс жұмысы, жарнама және күрделі жөндеу жұмыстары, аймақтық-қоғамдық компанияларға көмек көрсету, қарттар мен мүгедектерге қамқорлық жасау, әлеуметтік көмек көрсету сынды жұмыс жүктеледі.

Бұған қоса, қоғамдық жұмысқа жұмыссыздар, студенттер, жазғы демалысқа шыққан жоғары сынып оқушылары, 16 жасстан асқан жеткіншектер де өтініш тастай алады. Алайда оларды жол апаты, табиғи апат, төтенше жағдай салдарын жою қызметіне тартпайды. Кешенді жоспар бойынша, Алматы қаласында 2016 жылы 21 361 адам жұмысқа орналасса, был 1 тамызға дейін 19 007 адам екі қолға бір күрек тапқан.

Диляра ИМАНҚҰЛОВА,
Алматы қаласы жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары

Орайы келген әңгіме

Жас казак: Жанат Мұкатайұлы, Алматы облысындағы есірткіге қарсы жүргізіліп жатқан жұмыс туралы айтып берсеңіз. Сіз қызмет атқаратын «Есірткі бизнесіне қарсы күрес» басқармасы қашан құрылды? Негізгі мақсат қандай?

Жанат Қиялбаев: Біздің басқарма 1997 жылы құрылған. Оған дейін тек тергеу басқармасының ішіндегі бөлім болатын. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі таңда есірткінің түрі көбейіп кетті. Оның үстіне есірткісімен әлемге әйгілі болған Ауғанстаннан келетін саудагерлер Батыс Қазақстан облысы арқылы алып өтеді. Біздің ішкі істер министрлігі есірткіге қарсы күрес жұмысын күшейту үшін арнайы басқарма құрды.

Сөйкесінше, біздің басқарманың басты қызметі — есірткі саудасына қарсы күресу. Нашакорлық қазіргі таңда қоғамның айықпас дертіне айналған. Біздің негізгі мақсатымыз — жастарды есірткіден аулақ ұстау. Оның саудаға түспеуіне жол бермеу болып табылады. Біз ол үшін арнайы топ құрып, өз облысымызда үгіт-насихат жұмысын жүргіземіз. Мектеп пен жоғары оқу орындарында жиын өткізіп жастармен кездесіп тұрамыз. Өйткені олар тез еліктейді. Теріс пиғылдылардың торына онай түседі. Біз солардың жолын кесу үшін қызмет етіп жүрміз.

Жас казак: Осы уақытқа дейін есірткімен күрес кезінде ашылған қылмыстарға тоқтала кетсеңіз?

Жанат Қиялбаев: Бізде жылда маусым айының 1-күнінен бастап қазан айына дейін еліміз бойынша «Көкнәр» операциясы жүргізіледі. Біз жыл басынан бері 350-ден астам қылмысты аштық. Оның ішінде есірткі затын тасымалдап сатқан 50-ге жуық қылмыс тіркелді. Оның 15-і бізге қарасты бекеттерде ұсталды. Қызметкерлер есірткі

Есірткінің ошағы - Ауғанстанда өндірілетін анашаның 5-15 пайызы Жібек жолымен, яғни қазақ даласы арқылы өтеді екен. Бұл туралы Алматы облыстық ішкі істер департаментіне қарасты «Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы» басшысының орынбасары, полиция полковнигі Жанат Қиялбаевпен сұхбаттасқанымызда айтты. Осы орайда еліміз қасыр дертіне айналған нашақорлықпен, есірткіні тарататындармен күресу үшін құқық қорғау мекемелерінің жұмысын күшейтіп отыр.

ісін сезетін итпен тұрады. Жуырда екі келіге жуық героин мен 150 келіге жуық марихуанна тәркіленді. Ал марихуаннаның күштісін «горчиц» дейді. Оның да бес келіден астамын біздің бекеттен алып өтпек болғандардың жолы кесілді. Сонымен қатар облысымыз есірткіні саудалау үшін арнайы

өсіретіндер де бар. Олар көбіне Талдықорған мен Қапшағай қаласының маңында өсіреді. Алайда оларды қолға түсіру үшін сол есірткіні баптап сұғарып жатқан уақытта ұстауымыз қажет. Сонда ғана нақты дәлел болады. Ол үшін бізге айлап ізіне түсуімізге тура келеді. Ал егер үйінде өсірсе, бізге

саудалайтындар жапан далаға егеді. Биыл біз осылайша есірткіні өсіріп саудаға салатын 10 азаматты ұстадық. Жақында тағы біреуі қолға түсті. Ол 50 түп есірткі өсіріп, жартысын жұлып, кептіріп дайындап қойған екен. Соның өзі кептірілген түрінде 24 келі болды.

Биыл сәуір айында Карасай және Жамбыл ауданында біз бір топты ұстадық. Іс сотқа енді жолданды. Сондықтан бұл туралы толық айта алмаймын. Ол қылмыстық топ бес аламан құралған екен. Олардың бірі — алып келсе, екіншісі таратады. Ал қалғаны үйінде сатады. Олардан 1 келі 400 грамм героин тәркіленді. Енді олардың қылмысы дәлелденсе, ең аз дегенде 12 жылға бас бостандығынан айырылады. Бір келі героин деген бұл тым көп. Сондықтан да жаза қатан болады. Мысал ретінде мен сізге айта кетейін, 1 грамм героинді 15-20 рет қолдануға жетеді. Қара базарда 1 грамм героиннің бағасы 8-10 мың теңге аралығында сатылады.

Наурыз айында Талдықорған қаласынан әзірбайжандық азаматты ұстаған болатынбыз. Одан 2 келі героин тәркіленді.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС – ӘР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ



Ол есірткімен біздің ел арқылы Ресейге өтпек болған. Өзінің айтуынша, ол Тәжікстан мен Қырғызстан арқылы Алматыға келіп, Ресейге жеткізіп беруі үшін 500 долларға келісіпті. Одан кейін тағы 500 доллар алуға тиіс болған.

Жас казак: Өзге елдердегі әріптестеріңізбен бірлесіп жұмыс істейсіздер ме?

Жанат Қиялбаев: Иә, әрине! Біз көрші елдердегі әріптестерімізбен бірлесе жұмыс істемесек болмайды. Үнемі байланыстамыз. Өткен жылы біз Қапшағай қаласынан Тәжікстан азаматын ұсталдық. Міне, сол кезде Қырғызстандағы әріптестерімізбен бірлесіп жұмыс істедік. Олар Тәжікстаннан Қырғызстанға ауғандық героин

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



дәлелдеу кийінге соқпайды. Негізінде нақты есірткі

өтті деген мәліметті анықтайды. Оған кейін Қапшағайға алып келуді жоспарлаған. Біз қырғызстандық әріптестерімізбен жоспар құрып, күдіктіні қолға түсірдік. Ол кезде 5 келі героин 12 келі гашиш тәркіленді.

Жас казак: Соңғы кездері біздің елде де белең алып бара жатқан синтетикалық есірткі туралы айтып берсеңіз. Онымен күрес қалай жүргізілуде?

Жанат Қиялбаев: Еліміз бойынша алып қарасак, бізде әзірге синтетикалық есірткі аз. Өзіңіз айтқандай, бізде енді белең ала бастады. Бұл есірткі бізге сырттан әкелінеді. Бұрын Еуропадан жеткізілетін. Қазір Қытай елінен де шығып жатыр. Синтетикалық есірткінің түр-түрі бар. Жалпы, ол ұнтақ түрінде болады. Оны пайдалану үшін ұнтақты спиртке немесе кез келген сусынға араластырады. Осыдан кейін темекінің жапырағына малып алады. Міне, сол жапырақты кептіріп шылым ретінде пайдаланады. Кенінен тарап кетпеуі үшін күрес жұмысын қарқынды түрде қолға алдық.

Бүгінгі таңда ең басты мәселеміз деп айтсақ артық болмайды. Неге десеніз, синтетикалық есірткіні дәлелдеу өте қиын. Өйткені оның құрамы жиі өзгеріп тұрады. Басқа дамыған елдерде барлық синтетикалық заттарға қатысты арнайы заң қабылданған. Бізде ол заңды енді қарастырып жатыр. Бұйырмаса, осы күзде бекітілуі мүмкін. Егер де арнайы заң қабылданса, көптеген қылмысқа тосқауыл бола аламыз. Себебі біздің елде синтетикалық заттың құрамы заң бойынша есірткі болып табылмайды.

Бұл синтетикалық есірткі 2000 жылдарда Ресейге келген. Ал бізге енді жетті. Оның LSD, JVN деген бірнеше түрлері бар.

Жас казак: Есірткіні қолданғандар мен саудалағандардың жазалану айырмашылығы қандай?

Жанат Қиялбаев: Есірткімен ұсталғандар негізінде белгіленген бап бойынша жауапқа тартылады. Мысалы, нашакор есірткіні үйінде пайдаланса, біз ешқандай жаза қолдана алмаймыз. Ал егер ол қоғамдық орындарда есірткі тұтынса, ол міндетті түрде заңмен жазаланады. Есірткіні жинап, сақтап және сату мақсатында ұсталып, қылмысы дәлелденсе, оның жазасы ауыр. Егіп өсіретіндерге де арнайы бап қарастырылған. Есірткі саудасымен айналысатындарға біздің елде жаза өте қатан. Ұзақ мерзімге қамалады.

Жас казак: Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Кажет АНДАС

Талдықорған

(Басы 3-бетте)

МАЙҚҰДЫҚТАҒЫ «МАЙШЕЛПЕК» НЕМЕСЕ ПИРАМИДАНЫҢ ҚИРАУЫ



Үкім қырық жеті парактан және бес беттен тұрады. Мұны оқып шығу мүмкін емес еді. Куәгерлердің ұзын санының өзі 1,5 мың адамнан асып түсті.

— Бәрі алда! Ұстамды болыңыздар! — деді Елена орнына жайғасып жатып.

Прокурор өз сөзінде он жыл сұрады. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сотының судьясы Амантай Әбілкамалов болса, тоғыз жыл белгілеген. Рақымшылық қолданылуына байланысты түпкілікті жаза 4 жыл 5 ай болып бекітілді.

— Колесниковадан залал тартушылардың пайдасына 385,5 миллион теңге өндірілсін, — деген судья.

— Шас... — деді «Жанна Д'Аркміз». Жай айтқан жоқ. Сондай бір ащы кекесінмен айтты.

Сот барысында 73 адам өз арызын қарамауды өтінді. Отыздан астам адамның әлі де болса талап-арыз жазуына болатыны айтылды.

Тергеу барысында ФОГ есепшотында 120 миллион теңге бар айтылғанымен, сот барысында оның «жұқарынқырап» қалғаны түсініксіз қалды.

— 8 миллион теңге тіркемесімен, — деген. — Бұлар 0 деген цифрді білмейді, — деген «Жана Д'Аркміз».

Қаржы пирамидасынан қандастарымыздың жапа шегіп отырғаны бір бұл емес. Есімізде болса, 1994 жылы Нұрлан Смағұлов бауырымыз қаржы пирамидасын құрып, біраз жұртты жер соқтырып кетіп еді. Ал атақты «МММ» пирамидасынан 10 миллион жан зардап шеккен болатын. Сол кездегі акцияның құнсыздануына байланысты 50 адам өз-өзіне қол салды.

Біздің жағдайымызда да сондай бір оқиға болды.

Біреулер салымшының өліміне осы ұйымды кінәлайды. Енді біреулер ФОГ-ты аспандатады. «ФОГ болмағанда көмусіз қалатын еді» — дейді. Сонымен он айға созылған іс бітті. Шынымен солай ма?..

Қайдам, ел әлі баяғыша «Ортовка-ға» барып жүр. Істі бұзамыз деп қол жинап жатқан жайы бар. Отқа күйген адам су ішінде тұрып та, отты ойлап тұрады деуші. Содан сабақ алғымыз жоқ.

Төрехан МАЙБАС,

Қарағанды қаласы

Қылмыс ақпарат

Жол-көлік полицейлері Оңтүстік Қазақстан облысының 3 тұрғынынан аса ірі көлемдегі есірткі затын тәркіледі.

ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

ПД баспасөз қызметінің хабарлауынша, Луговой стансасындағы ішкі істер желілік бөлімінің қызметкерлерімен жедел іс-шара өткізу барысында «Құрағаты-Тәтті» өткелінде Оңтүстік Қазақстан облысының үш тұрғыны ұсталған. Жеке тексеру барысында олардан жалпы салмағы 23 келіден асатын марихуана есірткі заты табылып, тәркіленді.

Бұл дерек сотқа дейінгі тергеудің бірынғай реестріне Қылмыстық кодекстің 296-бабының 4-бөлігі бойынша (аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау) тіркелді. Күдіктілер қазір уақытша ұстау изоляторында отыр.



Алматы облысының төртін сақшылары Қаратал ауданының судьясының үйін тонап кеткен күдіктіні құрықтады.

ҚҰРЫҚҚА ТҮСТІ

Алматы облыстық ПД баспасөз қызметінің мәліметінше, 3-шілдеде Қаратал ауданының полицейлеріне Сарыбұлақ ауылында орналасқан судьяның үйінен ақша мен зергерлік бұйымдардың ұрлағаны туралы хабарлама келген. Шығынның жалпы көлемі — 19 343 000 теңге. Полицейлер оқиға орнын тексеру барысында ұрылардың пластикалық терезеден кіріп, қымбат бұйым мен ақша тұрған сейфті бұзғанын анықтады. Кейінірек, Қаратал аудандық полиция қызметкерлері облыстық ПД қызметкерлерімен біріге отырып, осы қылмысқа қатысы бар деген күдікпен Көксу ауданының 30 жастағы тұрғынын қамауға алды. Облыстық ПД өкілдері «Күдікті Текелідегі жалдамалы



пәтердің бірінде қолға түсіп, кінәсін мойындаған», — деп хабарлады. Қазіргі уақытта Қылмыстық кодекстің 188-бабының 4-бөлігі бойынша («Ұрлық») қылмыстық іс қозғалды. Күдікті қамауға алынды.

Дайындаған

Руслан ДОСТАЕВ

Ал, әйтпесе!

Міне, мысал. 10-шы тамыз күні таңғы сағат 05:30 минут шамасында Таразда тағы да «полицейлер соғысы» болды. «Арай Плаза» кешенінің қонақүйі ауласында ішімдікке сыққия тойып алған кілең шенді-шекпенді қызыл жағалылар ойран салып, өзара қырқысты. Облыстық ішкі істер департаменті экстремизмге қарсы күрес басқармасының бастығы Мұрат Үмбетәлиев ашықтан-ашық суық қару пайдаланды. Әп-сәтте Байзақ аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы, бұрынғы полиция қызметкері Марсель Жетпісбаевты пышақтап

Әлгі бір кинофильмде айтылатын «Ментовские войны» деген тосын сөз де, оның астарындағы кейбір сұмдықтың бұғып жатқаны да, қазір ешкімге құпия болмай қалды. Өйткені, төртіп сақшыларының өзара қырқысып, қырылып, атысып-шабысып жататыны тек көкжәшікте ғана емес, күнделікті өмірде де, өз айналамызда да бой көрсетіп тұратынына еш таңқалмаймыз.

тастады. Төбелестін қак ортасында жүрген криминалдық полиция басқармасының

бастығы Ерлан Бектұрғанов та дене жаракатын алды.

Қазір М.Жетпісбаев ауруханада жатыр. Ал Е.Бектұрғанов қамауға алынды. Оқиға орнынан жылдам жылыстап кеткен М.Үмбетәлиевке іздеу жарияланды. КТК телеарнасы хабарлағандай, Үмбетәлиев Жамбыл облысында «бамбук» деген лақап атпен белгілі. Оның айналасындағы топ осы уақытқа дейін жергілікті тұрғындарды есірткі қақпанына түсіріп отырған. Өткен жылдың желтоқсан айында Үмбетәлиев құрған қақпанға тап болған азаматтың анасы егіліп жылап, өзіне қол жұмсады. Сонымен бірге, «бамбук» атымен танымал шенді аймақтағы мейрамхана, сауда үйі сияқты «майлы орындарды» ақша алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, табысын бөлісіп отырған деп хабарлайды телеарна.

Ал соңғы оқиғаға байланысты Қылмыстық кодекстің 24-ші бабы 3-ші тармағы және 99-баптың 2-ші





www.jasqazaq.kz

РУХ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тағзым

Қазақтың сөзін ту қылып ұстаған қайраткер, әдебиетші-ғалым, ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлы өткен ғасырдың 1920-30 жылдары өмірге келіп, өртенге өскен алыптар тобынан. Балалық әрі жастық шақтары — қазақ тарихындағы небір қасірет пен зобалаң, нәубет пен зұлмат кезеңдерге тұспа-тұс келген бұл толқын өздеріне жүктелген зіл батпан міндеттерді абыроймен атқарды! Кеңестік саясат тарапынан аяусыз оталып отырған рухани және мәдени өркендеудегі ұрпақтар сабақтастығын барынша жаңғыртуға күш салған олар — қазақ рухымен біте қайнасқан мамандықтарына деген кәсіби біліктілік пен адалдықты сақтай білген еңбекторылары еді.

«Ұстазы мықтының — ұстамы мықты» деген халық даналығының тағылымы толғандырмай қоймайды. Бүгіндері тоқсанға толып отырған қазақ ғылымы мен руханиятының қара нарлары Тұрсынбек Кәкішұлы, Серік Қирабаев, Рахманқұл Бердібай, Зейнолла Қабдолов, Мүсілім Базарбаев, Нығымет Ғабдуллин, Қалжан Нұрмақанов, Қажықұмар Қуандықов, Үшкіттай Сүбханбердина, Телғожа Жанұзақов, Шаһмардан Есенұлы, Сұлтан Сартаев, Болат Сарыбаев, Канафия Телжанов, Мағауия Хамзин, Зейнолла Шүкіров, Амажол Шамкенов, Дүнгенбей Ботбаев, Ғазиза Жұбанова, Исатай Кенжалиевтер — Алаш арыстарының тағылымын бойына сіңірген тұлғалардан төлім-төріс алды. Олар алдыңғы толқынның елдік қасиеттерден суарылған игі істерін жаңа заман биігінде жаңғыртып отыруда аянып қалмады.

Шаһмардан Есенұлы қазақ жерінің тұтастығына, Ғараби мұрасының мың жылдан соң атажұртында жариялануына тер төксе, Болат Сарыбаев қазақтың екі жүз елуден астам музыка аспаптарын жинап, ұрпаққа аманаттады. Канафия

айғақтады. Рахманқұл Бердібай 1965-1995 жылдар аралығында Алматы қаласындағы М.Әуезовтің мұражай-үйінде қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін құрып, оған жетекшілік етіп, ұлт мәдениеті мен әдебиеті, тарихы мен өнерінің аса маңызды тақырыптарына қатысты бес жүздей дәріс өткізді. Кеңестік кезеңнің ұлтсыздандыру саясатына — интеллектуалдық ұлтшылдықпен қарсы күрес ашты. «Ұлттық ойымызды оятуға, мәдени мұраны таныстыруға зор құрмет атқарған жалғыз университет» (Р.Бердібай) халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіру, рухани кемелдену жолында ерен істер атқаруымен өшпес ізін қалдырды!

Қарап отырсаңыз, осы 1927 жылғылардың қай-қайсысы болмасын қазақтың өзіне де, сөзіне де адал қызмет еткен перзенттері еді. Олардың еңбектері мен өнегелі істерін айрықшалап айтып отырғанымыз — бүгінгі жастар мен өскелең ұрпаққа үлгі, тағылым болсын деген ниеттен туындады.

1927 жылғы талантты шоғырдың бірегейі — Тұрсынбек Кәкішұлы да қазақ руханияты мен әдебиеттануына зор үлес қосып, өзіндік сүрлеуін салды. Архив материалдары мен құжаттарын зерттеудегі табанды еңбектері — рухани әлеміміздің өрісін кеңейтіп, жаңа леп әкелді! Жиенғали Тілепбергенов, Сабыр Шәріпов, Елжас Бекенов, Саттар Ерубаев сынды дарындардың әдеби мұраларының алғаш жариялануы, қазақ зиялы қауымының алғашқы толқыны білім алған «Ғалия» медресесі мен медресе шәкірттері шығарып тұрған қолжазба «Садақ» журналының тұңғыш зерттеуі, XX ғасырдың бас кезінде Қазан, Уфа баспаларында жарияланған, қазақтың небір асыл үлгілері санатындағы 700 астам ояну дәуірі әдебиетінің өртеуге шығарылған кітаптарын елге жеткізуі — үлкен ғалымның қайраткерлік ерлігін даралайды.

Еліне ақ адал еңбек етіп, саналы ғұмырын ұстаздық пен ғылымға арнаған ақберен тұлғаларға деген ұлт сүйіспеншілігі қашанда болсын алабөтен. Кесек мінезіндегі тұршылдығы мен ірілігі, сөзі мен ісінің үйлесіміндегі ұстанымы тоғысып жатқан ұлт перзенті — Тұрсынбек Кәкішұлына сан мыңдаған шәкірттері, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қадір-қасиетін бағалайтын қалың қауымның құрметі еш толастаған емес.

«Алаш» партиясы, оның қайраткерлері туралы тарихи құжаттар негізінде әлеуметтік шындықты қалпына келтіруде атқарылатын келелі істердің бағыт-бағдарын нұсқалы.

Тұрсынбек Кәкішұлын үнемі толғандырған қазақ тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне қатысты өзекжалды толғамдары әлі де өзекті. Қазақ хандары мен тарихи тұлғаларды ұлықтау, мемлекеттік тілді өз деңгейінде дамытудағы басы ашық кем-кетіктері дер кезінде қолға алу тұрғысындағы өткір сыны, жанайқайы текке кеткені жоқ. Ана бір жылдары әліпбиге қатысты айтылған «Латынға көшу керек. Біз қатарымыздан кешігудеміз. Әзірбайжандар бірден көшіп, техника тіліне үйреніп қалды. Ал қасымыздағы Өзбекстан осыдан он жыл бұрын мектептерін латыншаға көшірген. Балалардың оқуын латыншаға көшіру арқылы олардың ата-аналарының да сауатын ашып алды. Оларға енді онша қиындық келмейді... Сондықтан латыншаға көшкен жөн. Енді тартыншақтай берсек, көш сонында қалып қою онайдың онайы» деген қазақ намысын қамшылаудағы аталы сөзі мейлінше көкейкесті емес пе!

Кең-байтақ елімізде ақжүрек ғалымның ұстаздық шапағатын, әкелік қамқорлығын көрмеген дарынды жастар, аптал азаматтар кемде-кем. Қазақ тілі мен әдебиетінің бір топ жас өскін талантты мамандарын 1970 жылдары Ұлттық ғылым академиясына жұмысқа орналастырудағы табандылығы мен қажыр-қайратының өзі неге тұрады?!

Ұлағатты ұстаз аталы сөздерімен жастар бойына рух дарытып, көшелі ойымен өрге

АЛЫПТАР ТОБЫНЫҢ АҚБЕРЕНІ

Ұстаз, ғалым, қайраткер
Тұрсынбек Кәкішұлының
туғанына 90 жыл

Телжанов, Шыңғыс Бейсембайұлы Кенжебаевтар қазақ монументті кескіндеме өнерінің негізін салды.

Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиеттанудағы қамқоршылары Есмағанбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаевтардың ғылымдағы жолын ашқан аяулы ұстаздары Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай болатын. Есағанмен замандас Қажым Жұмалиевтің сөз өнерін зерттеп, зерделеудегі айрықша дарынын танып, филология ғылымына бағыт-бағдар берген Алаш қайраткері Әлімжан Ермек еді.

Ойранды отызыншы жылдары аман қалған бірлі-жарым қазақ ғалымдары — тоталитарлық жүйенің үздіксіз жүргізілген саяси зобаланың өткерді. Сәйділ Талжанов, Қажым Жұмалиев, Мұратбек Бөжеев, Есмағанбет Ысмайылов, Ермхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Қайым Мұхаметханұлы нақактан-нақак тұтқындалып, ұзақ жылға бас бостандықтарынан айырылып, ГУЛАГ-қа тоғытылды. Б.Кенжебаев, Ө.Мұртғұлан, Ә.Қоңыратбаев, А.Жұбанов, Т.Нұрғазин, Ә.Мөметова, Ә.Жиреншин қуғынға ұшырады.

Толассыз қуғын-сүргіннің қара бұлтты сөл ғана сөйілген тұманды жылдары «Өтелмеген парыз (саза тапқан ақын, жазушылар жайында)» деп жанайқайын жеткізген Бейсембай Кенжебаевтың азаматтық өрлігі табанды әріптестері мен қайсар мінезді ізбасар шәкірттерінің тарапынан қолдау тапты. Әуелбек Қоңыратбаев «Әдебиетіміздің қамы үшін» деген көркемдік-эстетикалық ұстанымын ашық жеткізсе, Рахманқұл Бердібай «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері», «Ең үлкен мәдени байлық», Әбдіхамит Нарымбетов «Ана тілін ардақтайық» мақалаларымен әдеби мұра, ана тілі мәселелерін батыл көтерді.

Ұстаздарының елдік мінездегі қасиеттерін бойына сіңіріп өскен Тұрсынбек Кәкішұлы да ұлт тағдыры талқина салынып жатқан тұстары тізгін тартып, осалдық танытқаны жоқ. Қазақ жеріне соқаның тісі ерекше өткен тиген өлкеде туған ғалымның ұлттық тілге төнген қауіпті ескертіп, шыр-пыр болуы тегін емес. Т.Кәкішұлы, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлішеров, А.Байшин, Ә.Мұхтаров, К.Әбділаев, К.Әлиасқаровтардың «Тіл мәдениеті» («Қазақ әдебиеті», 1956.24.08) мақаласының өзегі де қазақ тілінің мүшкіл халі еді.

Елдікті сақтау мен еселеуге серпін беретін ұлттық мұраттағы әлеуметтік мақсаты айқын мұндай арнадағы азат ой кеңестік идеология тарапынан тегітеліп отырды. КҚП ОК «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулы қабылдады (1956.10.12). Қазақ мәдениетіне жаны ашып, қолына қалам алғандардың көбі жұмысынан қуылып, идеология майданынан аластатылған-ды.

«1927 жылдың» тумалары — қазақ әдебиеттануын өрге сүйреп, тың тақырыптарды зерттеуге құлаш ұрды. Үшкіттай Сүбханбердинаның «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндаған библиографиялық көрсеткіш. 1-бөлім» (1961), «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндаған библиографиялық көрсеткіш. 2-бөлім» (1963), «Әлеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетіндегі жарияланған көркем шығармалар» іргелі (1970) еңбектері ұлттық әдебиеттанудың соны табысын

Отандық гуманитарлық ғылым саласын сол кездегі Одақ елдерінің озық даму бағытында болуын дйттеген әдебиетші қазақ әдебиет сынының тарихын тынан зерттеп, ұлттық көркемдік-эстетикалық таным қайнарларына бойлады. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» курсы филология факультеттерінде «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқылатын міндетті пәндердің қатарынан ойып тұрып орын алды.

Ғылымдағы біржақты үстемдік еткен әдіснамалық қасандықтан арылуға ғалым жанапшыл ізденістердің көшбасшына табыла білді. «Кер заманның кереғар ойларын» тереннон қозғап, «Санадағы жаралардан» айығудағы зиялы қауымның міндеттеріне әр биігінен келді. Сәкентанудағы сан жылғы ізденістеріне жанаша танымда оралып, «Сөкеннің соты», «Тар жол, тайпақ кешудің тағдыры» (К.Ахметпен бірге), «Сөкен сүйген сұлдары», «Мағжан-Сөкен» еңбектерін жазды. Ұжымдық екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша» тарихы қолға алынды.

Алаш арыстарының асыл мұрасын ақтау, рухани жаңғыру өзегіне айналдыру мәселелерін өткір көтерді. Ұлт зиялыларының тағылымды ғұмырын, іргелі ғылыми еңбектері мен классикалық туындыларын бағалау мен байыптауда аға буынның, соның ішінде өзінің де тарапынан жіберілген қателіктері мен кемшіліктерін айтудан тайсактағаны жоқ.

Ел мен жер тарихын, халқымыздың рухани әлемін зерттеп зерделеудегі кеңестік қасандықтан арылуға ой салған «Қағидаға айналған қателер түзелсе» («Жұлдыз», 1988.№11), «Ақыл-парасатқа азаттық» («Лениншіл жас», 1989. 13.12), «Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы» («Қазақ әдебиеті», 1989. 19. 26. 05), «Әділет жөнбей қоймайды» («Қазақстан коммунисті» 1990.№2), «Шындықты бұрмаламай, жұмаламай айтайықшы» («Қазақстан коммунисті», 1990.№5), «Қазақ зиялылары хакында» («Қазақстан коммунисті», 1991.№7) сияқты проблемалық және полемикалық мақалаларына өткірлік пен батылдык, дейектілік пен дәлелділік тән.

«Қазақ зиялылары хакында» мақаласында ғалым: «Революцияға дейінгі шындықты енді жаба салуға, желе-жорта әнгімелеуге болмайды. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайын зерттеу дегеніміз сыйып келгенде, бір халықтың ақыл парасатына, әлеуметтік санасына тығыз байланысты, сондықтан осы өңірдегі «ақтандарды» ашып, жалғандықтарды әшкерлеп, қазақ халқының адамгершілік биік өресін, мөлдір моральдық бейнесін толық көрсетуге күш салайық» деп тұтас зиялы қауымға дәуір талабы аға тартқан маңызды мәселелерді жұмыла атқарудағы парыз бен қарызды санада жаңғыртты.

«Қағидаға айналған қателер түзелсе» мақаласында қазақ тарихы мен әдебиеттану ғылымында орын алған жалған қағидалардың тууы мен өрістеуіне негіз болған мәселелерге кенінен тоқталды. «Бір кезде бір халықтың, яғни қазақ елінің қосымша ата болған «Алаш» этнонимі бұл күндері үгіт-насихаттың күштілігінен дүниедегі ең қорқынышты сөзге айналды. Ғалым, жазушы, зиялыларды ғана емес, бүкіл әлеуметті, елді үркітетін сөз болып алды» деп Алаш қозғалысы,

сүйрейтін. Бойынан кісілік пен ғылымға деген ынта ұшқындаған қандастарының жолын ашып, адамгершілік қамқорлығын аймайтын.

Тұла бойынан қазақи рух, далалық кендік самалы есетін әдебиетшінің әрбір сөзінің тәлімдік астары, тәрбиелік мағынасы терең еді. Ғылыми мектебінің қазығын қалаған Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерімен әрбір жылдары өткізіліп отырған тағылымды емен-жарқын кездесулеріндегі ойлы да шынайы жауаптары ғажайып әсерлі болатын. «Білім алған студенттік шағыңыздағы ерекше бір ұмытылмас сөтті айтып берсеңіз?» деген шәкірттер сұрағына: «Тілдей қағаз-карточкаға берілетін 400 грамм қара нанды қанағат тұтқан соғыстан кейінгі мүшкіл кезеңде ғылымға ұмтылған ашқұрсақ өрендердің басты мақсаты — барынша дұрыс білім итеріп, көбіміздің қолымыз жете бермейтін стипендия алу болатын. Бірге оқып жүрген замандас құрдастарыммен алғашқы стипендиямызға нан сатып алуға бәс тіктік. Сол стипендияға да ілігіп, тойып тұрып қара нан жегенімді қалайша ұмытармын?! Сол нанның дәмі мен құнары студенттік кезеңдегі ұмытылмас сәт болып қалуға» деп жауап берген еді. Өмірдің қиын белестерінен өткен асыл ағамыз барды бағалауға, қадірлеуге ой салатын. Жастарға жоқшылық пен таршылық заманда ғылымға ұмтылған замандастарының қайтпас қайсар мінезін, табандылығын үлгі етіп, ақжарма тілектері мен уәлі сөздерінің нұрын төгетін-ді.

«Қайда жүрсендер де, ана тілін ардақтап, ата тарихын қастерлендер!!!» деген ұлағатын шәкірттерінің санасына сіңіріп отыратын. Өмірден алынған қызықты деректерімен тыңдаушыларын ұйытып, шешендік шеберлігімен көпті сүйсіндіретін. Ана бір жылдары Франция астанасы Париж қаласындағы университетте қазақ әдебиетінен дәріс оқып елге қайтып келе жатқанда, ұшақ Германияның Майндағы Франкфурт қаласына аялдады. Өуежайда ұстазымыздың қыр соңынан екі-үш неміс азаматы қалмай қояды. Түрсекен: «Әй, айналайындар, мен де не шаруаларын бар? Айтарларын болса, тыңдауға әзірмің» деп олармен ақжарма көңілдегі мінезімен шүйіркелесе кетеді. Әлгі бейбақтар Қазақстаннан тарихи Отаны — Германияға қоныс аударған немістер екен. Олар кей-кейде әуежайда апталап әрі айлап жүріп ұшырасқан қазақтармен қазақ тілінде әңгіме сұхбат құрып, шемен шерлерін тарқатады. Түрсекенді барынша құрметтеп, қошеметтеген немістер қалірменді қонақпен айырылсаң сәттегі көңіл толқындарын «Уф, әйтеуір қазақша сөйлесіп, шерімзді бір тарқаттық қой!!! Сізге мың мәрте алғыс!!!» деп білдірген екен.

Иә, бойына кісілік пен адамгершілік парасат дарыған Тұрсынбек Кәкішұлының ғылымдағы қажыр-қайратқа толы ерен еңбегі, ұзақ жылғы ұстаздық қызметіндегі шапағаты, елдік мүддедегі қайраткерлігі — тау тұлғанын ұлт руханиятындағы тұғырын асқатқата бермек!..

Сағымбай ЖУМАҒҰЛ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті қазақ әдебиеті
кафедрасының профессоры

Қорған

Ақмола облысы орталығындағы іргелі мәдени мекеменің бірі – Мәлік Ғабдуллин музейінің жас толқынға патриоттық тәрбие берудегі атқарып отырған игі ісі аз емес. Бірден айта кетейік, осындай игі шараның барлығы дерлік ізетті ізгілік пен асқақ адамгершілікке және парасатты патриотизмге негіз болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Өскелең ұрпақты рухани адамгершілік рухында тәрбелеу үшін қосымша қадамдар жасау керек» деп атап көрсеткен болатын. Аталған мекеменің күнделікті қамтитын ағымдық іс-шаралары да бастан асып жатыр. Солай бола тұра, Алаштың белгілі айтыскер ақыны, ұлтжанды азамат

«Жас ғабдуллиншілер клубы» осы жобаның негізінде республика бойынша батырдың есімін иеленген 8 мектептің арасында қарым-қатынас орнатылды. Игі қадам аталған мектептердің өзара тығыз байланыста болуын қамтамасыз етуде. Ақмола, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы Мәлік Ғабдуллин атындағы мектептер музейін бастамасын белсене қолдап, бірлесе жұмыс істеуге ықыласты екендігін



Құдайберлі Мырзабек басқаратын сүттей ұйыған ұжым сан қилы этнографиялық фестиваль, қызықты кездесу, мәнді де маңызды конференция ел болашағы екішеліп, ұлт келешегі туралы байыпты пікір безенделетін дөңгелек үстел тіпті спорт, өнер жарысын үзбей ұйымдастырып отыр. Осының барлығы ішкі мәні бір арнада тоғысатын елдікті көксеген, ерлікті мұрат еткен ұлағатты шаруа. Айта кетіміз керек, патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қараструдың тиімділігін музей ұжымы өзінің әрбір ісінің алдында бекем басышылыққа алады. Осы жолда Көкшетау халқы үнемі мақтау сөз айтып, ризашылығын танытып отыратын жетістікке де жетіп жүр.

— Сан ғасыр бойы жалғасып келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа көшкен ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптастыру қоғам игілігі үшін өте маңызды. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықты өз бойына сіңіріп, жетіле беретіні даусыз, — дейді музей директоры Құдайберлі Мырзабек.

Музейдің бастамасымен жоспарланып іске асырылған патриоттық ағарту жұмысы бүгінде өз бағасын алып үлгерді. Сөз арасында сынапал мысал келтіре кетелік. Облыстық, қалалық білім ұйымдарымен бірлесе отырып, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіп келе

танытты. 2016 жылдың қараша айында Мәлік Ғабдуллин есімімен аталатын мектептердің қатысуымен «Мәлік Ғабдуллин тұлғасының танымдық, тағылымдық ерекшеліктерімен өзектілігі» атты онлайн конференция өткізілді. Конференцияға төрт облыстың 6 мектебі қатысты. Үстіміздегі жылы Зеренді көлінің жағасында Мәлік Ғабдуллин атындағы жазғы сауықтыру лагерінде республикалық «Жас ғабдуллиншілер» тұңғыш слеті өткізілді. Оған Астана қаласынан, Маңғыстау облысынан және Ақмола облысына қарасты бірнеше мектептен жүздеген оқушы қатысты.

Музей жанына құрылған «Жас ұлан» әскери патриоттық клубқа өткен жылы 20 жыл толды. Бұл клуб соңғы 10 жыл ішінде Краснояр селосындағы №3 кепсалалы мектеп гимназиясымен тікелей байланыста жұмыс атқаруда. Сөз арасында клуб мүшелерінің дені мектепті бітірген соң, әскери бағыттағы мамандықты таңдауы тегін емес екендігін айта кеткен ләзім. Осының барлығы жоғарыда біз егжей-тегжейлі баяндап отырған маңызды шараның нәтижесі деп бағалауымыз керек. Жыл сайын жазғы демалыс кездерінде ұйымдастырылатын әскери жаттығулар жас ұландарды тәртіпке, жинақылыққа, жауапкершілікке

үйретіп, тұлға болып қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Осындай қалау-қалау шаруалардың басын қосу үшін патриоттық ұйымдар қауымдастығы құрылған. Бұл қауымдастықты басты мақсаты — жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерді қалыптастыруға бағытталатын іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Олар орта мектептер, Көкшетау техникалық институты,

№5510 әскери бөлімі, облыстық және қалалық әскери комиссариаттар. Болашағымызға бей-жай қарай алмайтын әр күні ілкімді ізденіске толы музей ұжымы соғыс ардагерлерінің майданға қатысты құжатын, сарғайған фотосуретін жинақтап, музей қорына тапсыруда. Осы жәдігерлердің барлығы уақыт өте келе, жас ұрпақты тәрбиелеуге септігін тигізетін қымбат дүниеге айналатыны сөзсіз.

Мамыр айында елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын, «Туған жер» бағдарламасының, «Рухани қазына» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Батырлар туған бақ мекен» атты инновациялық жоба аясында Ақкөл ауданындағы Халық қаһарманы, армия генералы, Кеңес Одағының Батры, Қазақстан Республикасының Тұңғыш қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов музейіне экспедиция ұйымдастырды. Экспедициялық сапар Ақкөл ауданындағы Еңбек орта мектебінде жалғасын тауып, атты аңызға айналған Мәлік Ғабдуллин мен Сағадат Нұрмағамбетовке арналған мазмұнды кеш өткізілді. Кешке С.Нұрмағамбетовтың немере інілері Келден, Төлеген Нұрмағамбетовтер мен ауыл қариялары және мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Музей директоры Құдайберлі Мырзабек осы кеште сөз сөйлеп, «Туған жер — тұғырын, туған ел — ғұмырын» атты тақырыпта дәріс оқыды. Мектеп кітапханасына музей ұжымының шығарған баста өнімдерін сыйға тартты.

Міне, осылайша облыс орталығындағы кішкентай ұжым үлкен елдік шаруаларды қолға алып, алдарына асқаралы міндет қойып, табандылықпен еңбек етуде. Қалың қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа айбын болған батырларының ерлігі мен өрлігі, асқақтығы насихатталып, кенінен қамтылған зерделі зерттеулер жүргізілуде. Жергілікті жердің тарихы, оның белгілі тұлғалары туралы құнды тарихи деректер, мағлұматтар екішеліп, қайталан жаңғыртылуда.

Байкал БАЙӘДІЛОВ

Ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлына жұбайы Ұлман Досайқызының қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.
Әріптестері, достары, шәкірттері

Сыр сұхбат

«Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриоттықтың өзегі болуы қажет. Біз ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді әр алуандығын және айбындылығын сақтай отырып, оны қорғауымыз, мұрамызды тигізірлен жинастыруымыз керек».

Елбасының «Болашаққа бағдар: руханы жаңғыру» мақаласынан

Театр – рухани азық, жаныңның тыныштығы. Өмір шыңдығын боямасыз, бұқпасыз көрсететін мәдени ошақ. Бүтін бір ғұмырды бір ғана қойылымға сыйдыратын киелі шаңырақ. Күнделікті күйбең тірліктен шаршаған кезіңізде театрға барыңыз! Өйткені, театр ғана сіздің жан сарайыңызға рухани ләззат сыйлай алады. Сахнадағы өмір сіздің де өміріңіздің бір тамырын дүп басуы мүмкін. Бүгінгі ашық әңгімеміз барлық қойылымның артында тұрған «басты кейіпкер» – нұсқаушы, бағдаршы – режиссер хақында болмақ. Әртисіз режиссердің еңбегі жанбайды, ал режиссерсіз театр мен қойылымға қан жеткізмейді.

Жаз айы театр үшін кезекті демалыс маусымы. Ал Мұхтар Әуезов атындағы драма театрдың құрметті ақсақалы, Қазақстан Халық әртісі, белгілі режиссер Есмұхан Обаевты жұмыс кенесінен тартып, Есмұхан аға, әңгіме-сұхбатымыздың қандай тақырыпқа арналатынын сұрап жастыр. Біз сауалымызды арыдан бастадық.

Жас казак: Есмұхан аға, сұрағымызды туған ауылыңыздан бастасак. Ауылыңызға жиі барып тұрасыз ба? Елдің жағдайы қалай? Сіздің бала кезіңіздегі Кегенмен қазіргі Кегеннің арасында қаншалықты алшақтық, қаншалық жақындық бар?

Есмұхан Обаев: Туған жер ұғымы әркімнің жүрегіндегі ата-ана деген ұғым сияқты. Адамның болмысы, бары да, ары да осы туған жер. Тыныштығы мен берекесі, елі мен халқы, жұрты әрдайым естен шықпайды. Жүрегіннің түкпірінде мәңгілік сағыныш болып тұратын ыстық мекен. Ал кешегі мен бүгінгі Қазақстанды салыстырып, саралап қарайтын болсак, Аллаға шүкіршілік айту қажет. Бүгінде әлем таныған, дүниежүзі мойындаған Қазақстанбыз. Әлі де өсіп, көркейіп, дамып жатырмыз. Ауылдың дамуы – бұл елдің, жердің дамуы. Жақында ғана ауыл жакка барып, үлкен кісілердің басын



«Кыз Жібек» қойылымы

жиып, ас беріп қайттым. Алдына қарасаң – аған жоқ, артына қарасаң – апан жоқ. Бірақ солардан қалған үлгі-өнеге, молшылық, жақсылық, аламетершілік қасиеттің барлығы туған жердің топырағына сіңіп қалғандай. Әрдайым ыстық болып тұрады. Осылай сезімін аркалай келген кез келген азамат өз еліне, жұртына қолынан келгенше көмектесуі керек. Нағыз туған жерім деген жан болсаң, ауылына мешіт салып, көшесін түзеіп, ағаш отырғыз. Міне, сонда ғана ауылдың ұлымын деп айта аласыз. Бұрынғы Кеген мен қазіргі Кеген ауылының айырмашылығы – жер мен көктей. Қазір ауыл да, аудан да дамыған. Оны бір сөзбен жеткізу қиын...

Жас казак: «Елге әрбір азамат еңбегін сіңіруі керек» – деп жатырсыз. Сіз, халық әртісісіз. Жоғары билікте қызмет еттіңіз: Мәдениет министрінің орынбасары, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында басшылық қызметте болдыңыз. Қолыңызда мүмкіндік көп болды, сонда өзіңіз туған ауылға не істедіңіз?

Есмұхан Обаев: Мен шама-шарқым келгенше ауылдың тақырыбын көтеріп, сахнадан ауыл мұнын мұндауға, жоғын жоқтауға қызмет еткен адаммын. Патриотизм – туған жерін, қазақ халқын сүйумен ғана шектелмейді. Нағыз патриотизм – бүкіл отанды сүю. Елдің бір жағына шығысу. Қажетіне жарау. Кірпіш болып қалану. Кегенге таудай жақсылық жасасам да, жалпы қазақ өнеріне шамам жеткенше жақсылық қылдым.

Бала кезімізде әкеміз бізді жанбырдың астында сабаған кездері болған. «Үйде отырып тілеулерің дұрыс емес, жанбыр жауып, егін жанбыр мен қардың астында қалатын болды» – деп ұрсатын. Ерінбей еңбектенген адамның асы да адал болады. Тек қана адал ас табу емес, еліңе адал еңбек етіп, ар алдындағы адалдықты кенінен түсін дейтін. Отансүйгіш, халық, бірлік үшін жұмыс істеу деген осы болар. Кішкентай

болса да, пайдам тисін деген түйсік санадан сөнбеуі керек. Міне, осылай тәрбие алған адамбыз біз.

Жас казак: Қазір көптеген аудандарда өнер орталықтары бар. Ал сіз көп жыл Семей театрын көтеріңіз. Енді туған ауылыңыз – Райымбек ауданына барып, сонда театр ашып, халық өнерін өрістету ойыңызда жоқ па?

Есмұхан Обаев: Райымбек ауданында театр болған. Әлі де бар. Режиссері менен үлкен, апайымыз. Сол кісі кеткеннен кейін «Кеген» халық театрының хәлі нашарлап қалды. Әйтпесе, ауылдың өз театры, концерттік ұжымы, оркестрі, мектепте де театр бар.



Осы жолғы сапарымда «Ораз Жандосов» атындағы музейді көріп риза болдым. Бұрын шағын көлемді болған мұражай, бүгінде ұлғайып, үлкен өлкетану, тарихи мұраға айналыпты. Кішкентай ғана «Кеген» деген ауылда республикалық емес, бүкілодақтық дәрежедегі осындай тарихи орындардың ашылғаны, тарихты зерттей бастағаны көңілге қуаныш ұялатты. Бұл тарихымызды мойындау. Мысалы, отанына сағынышпен оралған

қазақ тілін, қазақ әдебиетін, бұған қоса, өзге жұртқа таралған нұсқасын білу – басты талап. Мысалы, біздің театрдағы әртістер орыс тілін білмейді. Тек қазақ тілінде оқиды, сөйлейді. Міне, кез келген орын дәл осылай өзінен бастауы тиіс. Сонда ғана тілімізді, ділімізді білетіндердің саны артады. Кейде сабақ барысында түсіндіру жеңілрек болғандықтан, орысша айтамын. Ал біздің студенттер «Ағай, қазақша айтынышы, мен түсінбедім» – дейді. Мысалы, Әзірбайжанға, Өзбекстанға барсаңыз, бір адам орыс тілінде сөйлемейді. Ал біз ол жағынан келгенде озық тұрмыз. Әсершілі, еліктегіш халықпыз.

Жас казак: «Қожанасыр тірі екен» деген қойылым бар осы драма театрында. «Қожанасыр» рөлін Бекжан Тұрыс жалғыз өзі сүйреп шығарды. Театрда қанша әртістеріңіз бар? Бекжан сияқты дара талант та бар. Осындай талантты әртістерге театр тарапынан жасалатын әлеуметтік жағдай, жалақы мәселесі қандай?

Есмұхан ОБАЕВ:

Абайдың әмітпадымы

Өзге әртістерден бөліп-жарып қарайсыздар ма?

Есмұхан Обаев: Мұнда марапаты бар әртіс көп. Қазіргі жастарды «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет», «Парасат» ордені, «Президент медалі», «Жастар», «Дарын» сыйлығына ұсынамыз. Осылардың барлығы еңбекті бағалағанымыз. Әртістің барлығы дара болуға тырысу керек. Өз заманының дарасы болғандар – Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұловтар. Бүгінгінің даралары – Дулыға Ақмолда, менің шәкіртім Еркебұлан Дайыровты да дара деуге толық негіз бар. Оқуды бітіргеніне 4 жыл болса да, театрдағы бүкіл репертуар соның мойнында. Еркебұлан театрда «Балуан Шолақ» ойнады. Қазір «Балуан Шолақ» көркем-тарихи киноға түсіп жатыр. Сол сияқты Бекжанның да өз жоспары бар. «Қожанасырды» өте жақсы алып шықты ол. «Шәкәрім», «Төкежанды» да жоғарғы деңгейде ойнайды. Режиссерлер сол мүмкіндікті пайдаланып, барлық сай келетін рөлді ұсыну керек. Ал жалақысына келер болсак, барлығы келісімшарт бойынша. Кейбір әртіс бір жыл бойы жұмыс істеп алған жалақыны, кей актер бір ғана қойылымды ойнап алады, бұл театрда қалыпты жағдай. 17 жыл бойы осы театрда директор болып жұмыс істедім. Бір қазанның ішінде бәріміз бірге қайнап келеміз. Сол себепті де театрды, оның жанын түсінетін бізден артық адам жоқ. Әртістің өмірі мен сахнасы қысқа. Талмайтын қажыр-қайратты, нағыз еңбекті қажетсінеді. Дарындылар қойылым сайын дараланып тұрады. Кейбір биікті армандайтындыр, алдына берілген рөлді ойнай алмай жатады. Жакынның өзін алыстатып



«Бақыт кілті» қойылымы

РУХАНИЯТ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

жібереді. Ал рөлді бөлуде режиссердің сөзі көп жүреді. Сондықтан да өзім тандаймын.

Жас казак: «Абай» қойылымын қойдыңыз. Біз оқыған «Абай жолындағы», «Құнанбайдағы» Абай – азаматтың асылы. Ол – толық Абай еді. Ал сіз таңдаған басты кейіпкерлер рөлді толықтай алып шыға алды ма? Қойылымда әртіс таңдаудан қателескен жоқсыз ба?

Есмұхан Обаев: Қателесуім мүмкін. Бізле Абайды үш адам ойнады. Олар – Ерлан Біләл, Саят Мергенов, Азамат Сатыбалды. «Абай» қазақ халқына әр заманға орай үш рет қойылды. Бұрынғы Қалибек Қуанышбаев, Ыдырыс Ноғайбаев ағамның қойылымдарынан біздікі мүлде бөлек дүние. Эмоцияға жақындау, тым сезімтал, турасын айтатын, халықтың ішінде қарапайым болып жүретін Абай. Бұрынғы қойылымдарда бір ауыз сөзбен, ақылмен түсіндіріп отыратын ақылман Абайды айқын көрсеткен. Ыдырыс ағамдікі өр мінезді, қаталдау болды. Біздікі нәзік жанды. «Халқыма қалай түсіндірсем екен, жақсылыққа, ұлтжандылыққа бетін қалай бұрсам екен» – деген Абай біздікі.

тен асып, осында жүріп, мәңгілік сапарға аттанғандар да жетерлік. Мұнда тек жоғары білімді бітіргендерді қабылдаймыз. Жыл сайын аттестация болады. «Біз 40 жыл бойы жұмыс істеп жатырмыз. Атақ берілмейді бізге, еленбей жатырмыз» – деп шулайтындар көп. Кейде сондай әртістерімізге қосымша эпизод ұсынсақ, ойнай алмай жатады. Кейде біз артынан қуып жүріп, рөл ойната алмайтын актерлер де болады. Көбі өз кәсібінің түбіне жете алмай жүреді. Бірі телеарнаға, бірі радиоға кетеді. Біреуі күйеу шығып кетсе, біреуі жар таба алмай: не өмірде, не өнерде бағы жанбай, қара тобырдың ортасында өмір кешіп жатады. Тіпті не кинода, не театрда бағы жанбай жүргендер қаншама?!

Кейде қойылым шығайын деп тұрған кезде жарамай қалуы да мүмкін. Қалибек Қуанышбаевтың өзі «Абайды» шығара алмадым» – деп қалпағын жерге ұрған болатын. Әуезов, Қуанышбаев, Токпанов үшеуі жабылып жүріп әзер шығарған. Осылайша, 1940 жылы «Абай» туды. Мысалы, пьесаны Мұхтар жазғанымен, оны жеткізетін әртіс. Қалибек болмағанда,



бұл пьеса шықпай қалатын еді. «Абай» сахнаға келмес еді. Әуезов жазған-сызған еңбегін қолтығына қысып, театрын құрсын деп, кеткен болатын. «Абайды» жазып, өзі риза болмады. Талай сыйлықтың иегері атанды. Міне, әртісте осылай: драматург секілді, өз жұмысына өзі тоймауы керек. «Керемет, сұмдық ойнадым» – деп қалпағын көкке лақтыратындары дұрыс емес. Мысалы, Бекжан Тұрыс та сондай. «Ес-аға, осы рөлді ойнамай-ақ қояйыншы, түк шықпады, бас тартамын» – деп келетін. Ал мен «жөк, шықты» – деп жұбатпаға тырысам. Негізгі баға беруші, ол – халық. Бекжанның ойнаған қойылымдарына халық көп келеді.

Жас казак: Сіздер қоятын қойылымның авторлары – Дулат Исабеков, Нұрлан Оразалин, Төлен Әбдік сияқты санаулы қаламгерлер. Неге жас драматургтер жоқ? Драматургия мамандығын бітіріп жатқан қаншама жас бар, солар қайда? Неге жазбайды? Әлде жастардың туындысы үлкен кісілердің «көлеңкесінде» қалып қоя ма?

Есмұхан Обаев: Жас драматургтер бар. «Бақыт кілті», «Қомбе наннның дәмі» қойылымын осы жастарымыз жазған. Бұлар театрдың ішінде өсіп келе жатқан балалар. Мысалы, Қолғанат Мұрат деген студент бар. Еңбеккор. Драма бұлай жазылмайды десең, ертен басқаша жазып өкеледі. Беті қайтпайды. «Бақыт кілті» соның пьесасы.

Қазіргі жастар пьеса, қойылымның элементтерін біледі, құрылым мен байланысына қанық. Драматург боламын дейтін кез келген жас ыстық-суығына тәзіп, толыққанды театрды түсіну керек. Қиындығы көп болғандықтан, мұнда қалып жататындар сирек. Алғыр, айтқанынан қайтпайтын, еңбеккор адам ғана нәтиже шығарады. Халқына жемісін жеткізеді. Өзі елдің қошеметіне бөленеді.

Жас казак: Бір сұхбатыңызда «Режиссер болсам деген арманым болмады. Асқар Токпанов өмірімнің кілтің ашты, бағыт-бағдар берді» – депсіз. Токпановқа жоқшылағаныңызда театр деген әлемнен мүлде бейхабар болар ма едіңіз?

Есмұхан Обаев: Біздің кезімізде қарапайым қойшының балаларын өкеліп, қалада милицияның оқуын оқытатын. Консерваторияға түспегенімде осы оқуға түсіп, қазір полковник болып отырар едім. Тіпті болмағанда, ауылдағы ең мықты жүргізуші атанар едім. Жас кезімде машина жарыстың чемпионы болғам тайай рет. Ал өнер жолына келуім шынымен бір ғанибет! Режиссердің ойлаған ойының, жасаймын деген жұмысының 10 пайызы жасалса, онда ол бақыт. Мысалы, Абайдың образын айтар болсам, әлі арманымға жете алмай жүрмін. Нағыз Абайды таппай жүрмін. Оны маған әртіс жеткізе алмай, композитор нотасын тауып бере алмай отыр. Барлығын жинап әкелгенде, қойылымның сәтті шығуының 20 пайызы ғана режиссердікі, қалғаны актерге байланысты. Режиссер деген көшпен бірге келіп, бірге кетеді. Қандай режиссер болсын, оның еңбегі әртіссіз нөлмен тең.

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН, Салтанат ШЫРЫНХАН

Туризм

Жыл өткен сайын Алакөл аймағының туристік әлеуеті артып, алыс-жақын шетелден қысқа, ұзақ мерзімге демалып қайтуға келетін қонақтың қатары көбеюде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алакөлде 450 мыңнан астам адам демалыпты. Биыл бұл сан өсіп, 700 мыңнан асады деп күтілуде. Бұған көл бойындағы туристік қызмет көрсететін нысандардың мүмкіндігі жетеді.

Алакөлдің жағалауында демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионаттар Ақши және Көктұма ауылдарында орналасқан. Аудандық кәсіпкерлік басқармасынан алынған ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Алакөл ауданы аумағында 144 демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионат, қонақүй және туристік кешен орналасқан. Атап айтқанда, 500 орынды «Пеликан» кашыктан оқыту жүйесі, 350 орынды «Ала теңіз», «Аласу» және 200 орынды «Кара Тас», 150 орынды «Көктұма» пансионаты, тағы да басқа жекеменшік үйлердің жанынан ашылған қонақүйлер бір уақытта 4500 адамға қызмет көрсете алады. Бұлардың барлығы Алакөлдің жағасында орналасқан. Осы демалыс орындарының мүмкіндігін жақсарту үшін облыстық туризм басқармасы еліміздің туризм саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы № 508 қаулысына сәйкес, көл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 17 іс-шара қарастырыпты. Осыған орай 2015-2017 жылдар аралығында Ақши ауылының көл жағалауында 3 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып, Falkon Petroleum ЖШС-нің және «Аквамарин ресорт» пен Каримовтың көпсалалы демалыс орындары бой көтеруде. Былтыр «Аквамарин Ресорд» ЖШС-нің жобалық құны 568 млн теңгелік 500 орынды демалыс орны қосылып қызмет көрсетті. Биыл 350 орынды құны 350 млн теңгелік «Алакөл ресорд» пен құны 300 млн теңгелік «Атлантис» демалыс аймағы іске қосылды. Сондай-ақ 2 млрд 300 млн теңгеге 450 орынды «Фалкон Петролиум» ЖШС қонақүй кешені құрылысын жыл соңына дейін аяқтап, іске қосуға жұмыс істеп жатыр.

Жыл сайын сервистік қызмет көрсету деңгейі де өсіп келеді. Өткен жылы ауданда туризм саласы бойынша



132 демалыс орнында 452700 адам демалып, 2015 жылмен салыстырғанда 3 есеге артты. Оларға 1563 млн теңгенің қызметі көрсетілді. Сонымен қатар 560

адам маусымдық жұмыспен қамтылды. Ал биыл 6 айлық есебі бойынша аудандағы 144 демалыс орнында 300 мыңға жуық адам демалған. Жазғы демалыс маусымының қауырт мезгілі енді басталғанын ескерсек, бұл сан алдағы уақытта еселеніп, жоспарлаған мөлшерден асып түсуі мүмкін. Сонымен қатар өткен жылы «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы бойынша туризм саласындағы үш жобаға 39 млн теңге демеуқаржы берілсе, Даму қоры үш жобаны 215 млн теңгеге қаржыландырды. Тағы да



екі жоба екінші деңгейдегі банктерде қарастырылуда. Биыл 8-10 мамыр аралығында «Пеликан» отбасылық демалыс үйінде «Крылья Алаколя»

фестивалі жоғары дәрежеде өтіп, туристердің назарын аударды. Көл жағасын өркендету жұмысы бас жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Өткен жылы Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, сауда орталығы, наубайхана және «Астана» дүкені іске қосылды. Алакөлге баруды

қызмет көрсететін әуежай құрылысын салу үшін 2016 жылы бюджеттен 348,7 млн теңге, үстіміздегі жылы 547,9 млн теңге қаражат қарастырылып, жұмыс кестеге сәйкес атқарылуда.

Алакөл ауданы орналасу

жағынан туризмнің барлық түрін, атап айтсақ, экологиялық, танымдық, спорттық, емдеу-сауықтыру және аңшылық туризмді дамытуға қолайлы өңір. 1998 жылы құрылған «Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы» экотуризмді дамытуға зор үлес қосуда. Қорық аймағында 300-ден астам құс мекендейді. Олардың 40-тан астамы еліміздің Қызыл кітабына, реликті шараға әлемдік «Қызыл кітапқа» енген. Қорық қызметкерлері экологиялық және танымдық туризмді дамыту мақсатында 5 туристік бағыт ұйымдастырып отыр. Оның екеуі қорық аймағымен өтеді. Сонымен қатар агротуризмді дамытуға аудандағы Лепсі, Жыланды өңірлері тандап алынған. Осы салада биыл «Жер-Су» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бастамасымен Лепсі ауылына Белоруссиядан 8 бас зүбір жеткізіліпті. Бүгінгі күні елімізде 18 зүбір мекендейді

десек, соның оны «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде, сегізі Лепсі ауылында. Сондай-ақ Жыланды ауылдық округіне қарасты Көкжар учаскесінде 123 бас қолдас өсірілуде.

Алакөл демалыс орны ғана емес, шипалы қасиетімен де танымал. Емдеу-сауықтыру туризмін дамыту бойынша Ақтүбек ауылында «Алакөл — Арасан» балшықпен емдеу-сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Орталықтың күніне 18 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Аңшылық туризмінде ауданда 3 аңшылық шаруашылығы құрылған.

Көптен бері көл жағалауындағы заманауи байланыс жүйесін жетілдіру жайының айтылып келе жатқаны анық. Жұрт тілегін ескерген алақолдіктер туристерді сапалы интернет жүйесімен қамтамасыз ету үшін Достық ауылынан 1 базалық интернет стансасын орнатып, желіде байланысуды жеңілдетте түскен. Алдағы уақытта Үшарал қаласы, Ақши және Көктұма ауылына базалық интернет стансасын орнату жоспары қарастырылуда. Бұл жоспар орындалса, көл жағасында жүріп-ақ, әлемнің әр түкпіріндегі елдермен интернет байланысын орнатуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар көлге шомылу маусымы басталысымен Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, АЗС, көлік тұрағы, наубайхана және дәріхана жұмысын бастайды.

Қысқасы, Алакөлді туристік әлеуеті артып келеді. Мұнда демалушыға барлық жағдай жасалған. Көлдің шипалы суымен емделіп, жүйкенізді тынықтырғыңыз келсе, еш ойланбай Алакөлге тартып кетіңіз.

ӨНІР

ЖҚ

11

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Мәселе

Алматы облысы республика көлемінде жол апаты салдарынан адам шығыны бойынша бірінші орында тұр. Көрсеткішті азайту үшін

көптеген іс-шара жасалып жатыр. Алайда нәтиже төмен.

Жыл басынан бері облыс аумағында 968 жол апаты орын алып, 191 адам қаза тапқан. Тіпті соңғы бір аптаның ішінде 6 адам ажал құшыпты. Бұл үлкен көрсеткіш. Оның негізгі себебі — жүргізушінің салғырттығы мен тәжірибесіздігі. Жылдамдықты шамадан тыс асырып, жол жүру және қауіпсіздік ережелерін сақтамауы. Көліктің техникалық тұрғыдан да нашарлығы әртүрлі трагедиялық оқиғаға алып келеді.

ЖОЛ АПАТЫН АЗАЙТУ ҮШІН...



— Бұрындыры жолдың сапасыздығынан апат көп орын алатын. Қазір облыс көлемінде жол салынып, еуропалық стандартқа сай кейіпке еніп келеді. Бірақ адам шығыны азаймай тұр. Әсіресе, республикалық маңызы бар және үлкен мегаполис Алматы қаласының маңында жол апаты көп тіркеледі. Осы мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Адам өмірі барлығымыз үшін қымбат, — деген өңір басшысының бірінші орынбасары Ләззат Махатұлы болашақта бірлесе жұмыс жүргізіп, барлық мүмкіндікті пайдаланып көрсеткішті азайту қажеттігін назарға ұсынды.

Қазақстан жолдық менеджерлер одағының президенті, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті халықаралық жобалық басқару орталығының директоры, техника ғылымының докторы Алексей Цеховой Алматы облысындағы жол апатының себеп-салдарын жиі көтеріп жүр. Оны қазірге естір құлақ аз. Кездесе қалсан, жол апатын алдын алуға байланысты жобасымен таныстырудан жалықпайды. Онда ол жүргізушілердің көлік тізгіндегендегі қателігі толық көрсетілген.

— Апат орын алған бойда жедел жәрдем қызметінің кешігіп келуі де өлімге араша түсе алмай жатады. Оның негізгі себебі — көп жерде байланыс желісі істемейтіндігі, — деген Алексей Цеховой шығарған мен апат кезіндегі шұғыл шақыру жүйесінің жұмысын жетілдіру керектігін алға тартты.

Өңір тынысы

Мысалы, Енбекшіқазақ ауданының Ават ауылында 300 балаға арналған О.Мұхаммади атындағы мектептің жай-жапсарына 382, 284 млн теңге бөлінсе, құрылыс жұмысы белгіленген кестеден 20 күнге кешігіп келеді.

Уақытынан қалып келе жатқан нысандар, әсіресе, Іле ауданында баршылық. Атап айтқанда, Ынтымақ ауылындағы 600 орынды мектеп құрылысы 15 күнге, Қоянқұс ауылындағы 600 орынды мектеп 15 күнге, Төле би ауылындағы 300 орынды мектеп бір жарым айға, Екпінді ауылындағы 900 орынды білім шаңырағы 10 күнге кестеден қалуда. Бұған екі бірдей нысанды меншіктеп алып, енді жұмысты жүргізе алмай отырған «Бекжанқұрылыс» ЖШС-ның, сол сияқты «Дунт — Телеком» және «Парасат Сервис» компанияларының кінәсі бар.

Жана оқу жылы қарсаңында құрылыс аяқтала қоймайтын мектептер Қарасай ауданында да кездеседі. Мысалы, Шалқар ауылындағы 600 орынды мектеп 15 күнге, Көлашы ауылындағы 600 орынды мектеп 25 күнге, Исаев ауылындағы 600 орынды білім шаңырағының құрылысы 25 күнге кешігуде. Бұған Conceptbusiness компаниясының, New Construction және «Сәулет Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жаксы жұмыс істемеуі себеп болуда.

Өрине, жекелеген құрылыстың кестеден жаңылуына себепті жағдай әсер еткені де анық. Мысалы, жерасты суының жақын болуынан біраз уақыт қосымша топырақ тасуға тура келіп, қаржы мен күш шығындалғаны ешкімге жасырын емес. Алайда одан кейін де құрылыс қарқынын арттырса, олқылықты орнына келтіруге болар еді. Жиын барысында құрылысшылардың жетіспеушілігі негізгі себеп болып отырғаны өшкерелді. Оның себебі, компаниялардың жалақы мөлшерін шамадан тыс төмендетуі. Алматы қаласының төңірегінде жұмыс іздеп жүргендер жетерлік болса да, құрылысқа қажетті адамның болмауы, өрине, ойландырады.

Алматы облысында салынып жатқан нысандардың дені биыл пайдалануға беріледі. Бірінші жартыжылдықта 26 нысанның құрылысы аяқталса, қалғаны жыл соңына дейін бітеді деп күтілуде. Алайда кейбір құрылыс компаниялары түрлі жағдайға байланысты құрылыс жұмысын кешіктіреду.



ҚҰРЫЛЫСҚА ҚАРҚЫН КЕРЕК

Панфилов ауданында биыл екі мектеп және орталық аурухана күрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған әлеуметтік нысандардың бөрінде құрылыс жұмыстары алдын ала белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Өйткені жана оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Осыдан бір ай бұрын аяқталуы тиіс аудандық орталық ауруханадағы жөндеу жұмыстарының тоқтап тұруы да қысылып-қымтырылған сырқаттарға қолайсыздық туындатуда.

Панфилов аудандық орталық ауруханасын күрделі жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен бөлінген 171 миллион теңгені тендерде ұтып алған «Лан» ЖШС жергілікті құрылысшыларды жалдап, өткен жылдың қазан айында іске кіріскен. Жалпы атқарылған іс саласы көңіл көншітерлік. Алайда жұмысшылардың жалақысын іркіп қалған құрылыс ұйымының басшылары аурухананың хирургия, терапия бөлімдеріндегі жұмысты толық тәмамдамай тайып тұрған сынайлы.

Содан кейін де тапсырыс беруші мен атқарушы арасындағы дау экономикалық сотқа дейін жеткен.

Жаркент қаласындағы Н.Крупская атындағы орыс орта мектебінде биыл 1500-ден астам бала білім алмақ. Осыдан

37 жыл бұрын салынып, пайдалануға бірілген мектеп ғимараты содан бері күрделі жөндеу көрмеген. Соңғы жылдары оқу ошағының есік-терезелері, шатыры тозып, қыс маусымында жылу сақтаудан қалған. Өткен оқу жылында оқушылар апталап сабақ көрмей, ұстаздарының тапсырмасын үйлерінде орындауға мәжбүр болған. Күрделі жағдайға сәйкес республикалық бюджеттен 156 миллион теңге қаржы бөлініп, оны игеруді астаналық «Нұрсал» ЖШС міндетіне алып, үстіміздегі жылдың 13 шілдесінен бастап, бұл мектепте күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ғимараттың шатыры жаңаланып, жылу жүйесі жай жөндеуден өткізіліп, *(жылу жүйесі бұрын жөндеу көрген)*, біраз терезелері ауыстырылыпты. Лесновка ауылындағы Дөнеш Рақышев атындағы орта мектеп те — өңірдегі көне ғимараттардың бірі. Биыл бұл мектепті күрделі жөндеуден өткізуге 120 миллион теңге бөлінген. Құрылысты «Энерго-эксперт»

ЖШС атқаруда. Жөндеуге қажет құрылыс материалдары толық әкелініп, құрылысшылар қаркынды жұмыс жасауда.

Қаратал аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ұзақбайдың айтуынша, жыл сайын өңірімізде құрылыс жұмысының қарқыны артып, жұртшылық игілігі үшін жаңа нысандар пайдалануға берілуде. Былтыр Үштөбе қаласы, Ө. Молдағұлова көшесіндегі 25 пәтерлі көпқабатты үй күрделі жөндеуден өтсе, 320 балаға арналған балабақша қолданысқа беріліп, қала тұрғындарын қуанышқа бөледі. Қазіргі таңда тұрғындарды қаспанамен қамтамасыз ету бағытында іргелі істер қолға алынууда.

Қаратал ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ғалымбайұлы «Үштөбе қаласы, Ақын сара көшесі, № 91 а мекен-жайында құрылысы жүргізілетін 60 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй құрылысының жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат бөлініп, Қаратал ауданының құрылыс бөлімі мекемесі мен жобалаушы «Арлан жоба құрылыс» ЖШС-мен келісімшарт жасалуда, жоспарға сай 2018 жылы аталған тұрғын үй құрылысына қаражат бөлінуі тиіс», — дейді. Сонымен бірге аудан әкімінің тапсыруы бойынша биыл Үштөбе қаласы Көкдала шағынауданы мекен-жайынан 20 жеке жалгерлік тұрғын үй құрылысына 1000 шаршы метрден 20 жер телімі бөлініп, рәсімделіп жатыр. Осы жер теліміне құрылыс жүргізілетін тұрғын үйлерге жобалық сметалық құжаттарын әзірлеу үшін 3 млн теңге қаражат бөлінді. Жобалаушы мердігерді анықтау үшін электрондық конкурстық жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Үштөбе қаласындағы теміржолдың арғы бөлігінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне арналған спорт базасын реконструкциялау жұмыстары жүргізуде. Аталған нысанды іске қосу үшін 464 млн теңге қаражат бөлінген. Жұмысты бас мердігер «Нұрпапағат-құрылыс» ЖШС іске асыруда.

Ерекше айта кетерлігі, 8 ауылда тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктін құрылысы басталды. Көлпе ауылындағы тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктін бас мердігер «Сем-Шоғы құрылыс сервис» ЖШС-і құны 18 млн 392 мың теңге болатын құрылыс жұмысын аяқтап қалды. Қазіргі таңда нысанды пайдалануға қабылдау үшін тиісті құжаттар

рәсімделуде. Сондай-ақ Алматы, Қаражиде, Ескелді, Көкпекті, Тастөбе, Жанаталап, Бастөбе ауылдарында тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктін құрылысы басталды.

Балқаш ауданының Күйған ауылындағы Іле өзенінің үстіне салынып жатқан көпірдің автокөлік жүретін әрі жауу жүргіншілерге арналған жолы заманауи үлгіде жасалып жатыр. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың күз мезгілінде аяқталады деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда көпір құрылысын салу үшін Іле өзенінің жағалауына сына тастары жеткізілді. Жалпы ұзындығы 63 метр, ал ені 8 метрге жуық көпір ауыл халқы үшін тиімді екені сөзсіз.

Өткен сенбіде Қапшағай қаласында спорт мектебі аумағында қала тұрғындарына қуаныш сыйлаған спорт кешенінің ашылу салтанаты өтті. Қалалық саябақты қайта жаңарту жобасы аясында салынған аталмыш спорт кешені жобасына 90 млн теңге қаражат жұмсалған. Кең аумақты алып жатқан кешенде футбол, баскетбол, волейбол, теннис, бокс алаңдары бар. Жиын соңында су жана футбол алаңында «Жетісу» спорт клубының ойыншылары мен Қапшағай қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құрама командасы арасында футболдан жолдастық кездесу ойыны өтті.



Жоғары да шолып шыққанымыздай, облысымыздың құрылыс саласында жақсылық та, кемшілікте көп. Десе де, өлкемізде құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Бұл өз кезегінде түрлі бағдарламалардың тиімді атқарылып, ел игілігін арттыруға септеседі деген ойдамыз.

Бетті дайындаған
Қажет АНДАС,
Алматы облысы



ТАҢАЖАЙЫН ДҮНИЕ



Сұлтан Сүлейман кызы Мийримахты Рүстем пашаға ұзатады. Синан болса үйленген, жасы елуді еңсеріп қалса да, Мийримах сұлтанға ессіз ғашық. Шын ғашығына қосыла алмаса да, оған деген сезімін сәулетшінің туындыларынан

Мийримах, яғни Мийру Мах парсы тілінен «Күн мен ай» деген мағына береді. Ғас сұлудан дәмелінің бірі – Түркияның Диярбакыр өңірінің әкімі Рүстем паша болса, екіншісі атақты сәулетші Синан еді.

Едірнекапыдағы екінші мешітті ешкім аяқ баспайтын жерге тұрғызады. Мешіт кіші болғанымен, мұнарасы 38 метрге жетеді. Күмбез жақтауында орналасқан 161 терезеден түскен жарық мешіттің ішін самаладай жағады. Мұнараның шетіндегі бейне тамашалаған адамға Мийримах сұлтанның тобығына дейін төгілген шашын елестетеді. Бұл

Ай мен



Күн

анық байқауға болады. Патшаның қолдауымен Үскідарда 1540 жылы Мийримах сұлтан мешітінің құрылысын бастап, 1548 жылы аяқтайды. Құрылыс барысында мешіттің бір жақтауына «етегі жер сызған әйел бейнесін» салады.



екі туынды шынайы махаббатқа қойылған ескерткіштей.

Ғажайыпқа куә болғыңыз келсе, ең алдымен Едірнекапы мен Үскідардағы мешіттердің екеуі анық көрінетін жерді белгілеңіз. Күн мен түн теңелетін 21 наурыз күні барыңыз! Сонымен

қатар 21 наурыз Мийримах сұлтанның туған күні. Едірнекапыдағы мешіттің мұнарасының артқы тұсынан қызарып күн батқан кезде, Үскідардағы мешіттің тұсынан ай туып келе жатады.



Астанадағы «Қазанат» атшабарында жамбы атудан «Алтын жебе» халықаралық турнирі мәреге жетті. Елімізде тұңғыш рет ұйымдастырылған «Алтын жебе» турнирі үш кезеңді қамтыды. Шапшаң ату, қалқан ату және жамбы ату.

жебеде» еліміздің намысын бес спортшы қорғады. Турнирдің жүлде қоры да өте қомақты. Бес орынға дейін бәйге тігілді. Белгілі болғандай, 1-орынды Румыниядан келген Михай Кузми алып, 2 млн теңгені

қанжығасына байлады. 2-орын мен 1 млн теңге отандық спортшы Сарыбай Айтбектің еншісінде. 3-орын және 700 мың теңгені Айкөз Ералған иеленді. Төртінші орын мен 400 мың теңге Махарстаннан келген Немоти Кристоф Арпадқа бұйырды. Бестікті Малайзия спортшысы Мұхамед

Акмал бин Мохамед Дакалан түйінделді. Оған 200 мың теңге бұйырды.

Қазақтың жамбы ату өнері

Жамбы ату қазақ халқында кең тараған мергендік сынның бір түрі. Аппен шауып келе жатқан жігіттер екпінін бәсеңдетпестен, бақан үстіндегі нысананы атып құлатуы тиіс. Ереже бойынша спортшы сөреде өз сөйгілігінің жанында болады. Төреші белгі берісімен атын тез ерттеп, шаба жөнеліп, жолдағы нысананы атып құлатуы керек. Жарысқа 10-нан астам әр елден келген сұрмерген қатысты. «Алтын



«Атың шықпаса, жер өрте» деген мәтел бар емес пе?! Эверестті бағындырамыз деп фотошоптың шеберіне айналғандардың басы тауда емес, дауда қалды. Төрткүл дүниенің абыройына кенелгісі келген ерлі-зайыпты Динеш пен Таракешвари ақыры сотталып тынды. Расында да, бүкіл әлемге танылды, бірақ жаман атымен.

Олар 2016 жылы Эверест шыңына «шыққан» суреттерін жариялап. Жердің ең биік нүктесін (8850 метр) бағындырған алғашқы үндістандық жұп екенін мәлімдеген еді. Алайда жұбайлардың суретті қолдан жасағаны анықталды. Ақырында Үндістанның Махараштра штатында полиция бөлімшесінің басшысы екі бірдей қызметкерін жұмыстан қуды. Өз жетістігін дәлелдеу мақсатында жұбайлар Эверестте түскен суретті көрсеткен еді. Непалдың туристік департаменті оларға шынды бағындырғаны жөніндегі ресми сертификат табыстаған. Ал БАҚ құралдары бұл оқиғаны «жалпыұлттық жеңіске» балап, жарыса жазған. Арала бір ай өткеннен кейін Бангалор тұрғыны,

Эверестке



шықпалты

альпинист Сатяруп Сидхантах елге тараған суреттердің өзіне тиесілі екенін мәлімдеді.

«Олар менің суретімді алып, фотошоп арқылы өз беттерін қойып алған. Ол аздай, сертификат алыпты... Бұл заман қайда барады?», — деп жазған болатын Сидхантах әлеуметтік желіде.

Аталған жазбадан кейін мамандар тексеру жасап, альпинисттердің шыңға шыққаны мен лагерьге келу уақытының арасы тым жақын екенін аңғарды.

Тағы бір альпинист Сурендра Сельке Динеш пен Таракешваридің киімінен өзгешелік байқаған.

«Биікке шықпас бұрын Динештің үстінде қызыл-қара түсті, ал Эверестте тұрған сурет сарғылт түсті киім тұр. Шыңға шығу барысында киім ауыстыру мүмкін емес. Суреттердің лагерьдегі студияда жасалғанына 100% сенімдімін», — деп мәлімдеді ол.

Жасанды суреттер сотта қаралды. Әрине, суретті қолдан жасағаны үшін ешкім түрмеге отырмайды. Алайда ерлі-зайыпты экс-сакшыларға ел аумағында альпинизммен 10 жыл бойы айналысуға тыйым салынды.

Бетті дайындаған Әбдіманап КЕҢЕС

ТАҢАЖАЙЫН ДҮНИЕ



Аспанда ұшқан ақбоз үй

Қазақтың киіз үйі аспанға ұшты. Алты қанат

ақбоз формасында жасалған әуе шарды Алтайдың арғы жағындағы қазақтар көкке жіберген. «ҚазАқпараттың» мәліметіне сүйенсек, Қытайдың Ақсай-қазақ автономиялық ауданында тұратын этникалық қазақтар әлемдегі ең үлкен киіз үйді жасап шығарыпты. Ол Гиннестің рекордтар кітабына да еніп үлгерген. Аспанға көтерілген ақбоз үйдің диаметрі – 21 метр, ал биіктігі – 23 метр.



Көңіл жүйрік пе? Көк дөнен жүйрік пе?



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия КАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Айбария ЖАҚСЫЛЫҚ — Астана қаласындағы
меншікті тілі

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілі

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым

Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілі

Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт

Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ — суретші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мейібай СҮМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия pahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама тәпсірлері берілуі жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тәпсірлері — №2127;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.